



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 27 қараша күні елімізге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізілді. Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Ресейдің ХХ Өңіраралық ынтымақтастық форумына бейнеконференция режимінде қатысты. 28 қараша күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтеді. Жиында аймақтық және халықаралық қауіпсіздіктің негізгі мәселелері талқыланады. Отырыс қорытындысы бойынша бірқатар құжатқа қол қойылады.

№142
(4730)
Бейсенбі
28 қараша
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



АТА, ДҰРЫСТАП
БЕРІҢІЗ БАТА

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



АЛАШ АМАНАТЫ ЖӘНЕ
МІРЖАҚЫП ТҰЛҒАСЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

АБАЙ ӨҢІРІНЕ КӨШКІҢІЗ КЕЛЕ МЕ?

Астана қаласының Еңбек мобильділігі орталығында елордадан Абай облысына көшкісі келетін азаматтардан өтінім қабылданып жатыр.

Қоныс аударғысы келетін азаматтар үшін Абай облысы әкімдігінің өкілдерімен арнайы кездесу ұйымдастырылады. Онда әкімдік өкілдері елордадан көшкісі келетін азаматтар үшін қандай талап қойылатынын және бағдарламаға қатысу шарты мен өзге де мәселелерді түсіндіреді. Естеріңізге саламыз, қоныс аударатын әр отбасының мүшесіне 70 АЕК (258440 теңге) көлемінде біржолғы төлем қарастырылған. Сонымен қатар тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерді төлеу шығынына ай сайын 55380-110760 теңге өтемақы мен баспана алу үшін 4,28 млн теңгеге дейін экономикалық мобильділік сертификаты беріледі. Өтінімдер Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайы бойынша қабылданады.



ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген аталы сөз бар. Сондықтан қазақ баласының тағы әкесінің иығы болса, бағы анасының алғысы болған. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ата-әженің немереге, баланың әке-шешеге деген ыстық мейірімі халқымыздың ұлттық құндылықтарына деген көзқарасын айқындай түседі. Кеше елордада өткен «Үздік жас отбасы» байқауында сынға түскен қатысушылардың бойынан осындай асыл қасиеттерді көрдік.



Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Жәрмеңке әр демалыс күндері таңғы сағат 10:00-ден кешкі 22:00-ге дейін жұмыс істейді. Елорда тұрғындары бұл жолы Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары фермерлері мен тауар өндірушілерінің жаңа өнімдерін сатып ала алады.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



Алдағы мереке күндері пойыз билеттері қымбаттамайды. Бұл жөнінде Көлік министрі Марат Қарабаев мәлім етті.

«Теміржол тарифін көтеру жобасының билет бағасына еш қатысы жоқ. Ол тек жүк тасымалдайтын тарифтерге ғана байланысты. Жолаушылар тасымалдайтын пойыздар билетінің бағасы ауыспайды. Теміржол инфрақұрылымын жаңарту, жаңа вагондар мен локомотив сатып алу шығындары билет бағасына әсер етпейді. 1 қазаннан бастап жолаушылар пойызының бағасы қымбаттаған. Одан басқа қымбаттау алдағы уақытта жоспарланып отырған жоқ. Алдағы мерекелердің бәрінде баға тұрақты болады. Келесі жылы да, алдағы мерекелерде де ешқандай өзгеріс болмайды. Баға қалыпты болады» деп атап өтті министр.



МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді елорда әуежайынан қарсы алды.

Мәртебелі қонақты күтіп алу үшін әуежайда Құрмет қарауылы сап түзеді. Қазақстан мен Ресей халықтарының шынайы достығының белгісі ретінде балалар екі елдің жалауын желбіретіп, қошемет көрсетті және Владимир Путин бастаған Ресей делегациясына ілтипат білдіріп, өлең оқыды. Бұдан кейін кәсіби суретші Әсел Сабыржанқызы (Ассоль)

Владимир Путин Астанаға ұшқан сәтте сала бастаған картинасын таныстырды. Ол сондай-ақ мемлекеттер басшыларына полотнаны жазуға үлес қосуды ұсынды. Картина Ресей Президентіне сапар соңында сыйға тартылады.

Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді «Ақор-

да» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды.

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің цифрландыру саласын дамыту мәселелері қаралды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Astana Hub жұмысының аясында IT-экспорт көлемін арттыру, цифрлық платформалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық стартаптарды іске асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сондай-ақ «Терриконовая долина» IT-хабының басшысы Сабир Ниязов, Arlan BioTech компаниясының басшысы Болат Сұлтанқұлов, ITS Partner Ltd компаниясының басшысы Марат Тастеміров баяндама жасады.

Қазақстан әлемде цифрландыру саласы дамыған ең озық 30 мемлекеттің қатарына кіреді және онлайн-қызметтер көрсету бойынша 8-орында. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында IT-қызмет экспорты \$306 млн-ға дейін өсті. Жыл соңына дейін \$600 млн-нан асады деп күтілуде. Жалпы 5 жыл ішінде отандық IT-қызметтердің экспорты 20 есеге ұлғайды. Елімізде роботтан-дыру және жасанды интеллект технологиялары орнықты дамуда, көптеген салада трансформация жалғасып жатыр.

Заңнамалық база қалыптасып, үнемі жетіліп отырады. Цифрлық трансформация тұжырымдамасы қабылданды, сондай-ақ венчурлік нарықты және стартап-экожүйені дамыту үшін қолайлы экономиканың жағдайлар жасалды. Astana Hub технопаркi көптеген стартап үшін шын мәнінде инновациялық кластерге әрі ең негізгі әріптеске айналды. Бұл алаңда 1,5 мыңнан

астам компания табысты жұмыс істеуде. E-commerce, BigData, GameDev, Fintech, MedTech пен басқа да серпінді жобалардың экспорттық әлеуеті жоғары. Олардың белсенді дамуы 2026 жылға қарай IT-өнімдер мен қызметтер экспортын \$1 млрд-қа дейін өсіруге ықпал етпек.

Премьер-министр Үкімет алдағы уақытта да IT-технологиялар мен көрсетілетін қызметтер саласын белсенді қолдай беретінін атап өтті. Өңірлік акселерациялық бағдарламаларды және басқа елдердегі жаһандық әріптестік желіні дамыту саясатын одан әрі жалғастыру қажет.

«Мемлекет басшысы 2029 жылы цифрлық технологиялардың экономикаға қосатын үлесін 1 пайызға дейін, ал IT-қызметтердегі жергілікті үлесті кемінде 80 пайызға жеткізу міндетін қойды. Оған қол жеткізуде IT-хабтар мен венчурлік қорлар басты драйверлерге айналуға тиіс. Соңғы алты жылда Қазақстанда венчурлік қаржыландыру көлемі 6 еседен астам өскен. Әрі қарай есу үшін біз осы саладағы озық сарапшыларды тартуымыз керек. Бұл орайда білім беру бағдарламаларын дамытып, ірі бизнесті тарту және сауатты цифрлық инфрақұрылым құру жұмыстарына жете көңіл бөлу қажет. Цифрландыру, IT-саланы дамыту және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру экономиканың дамуына ықпал етуге тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Президент қойған жасанды интеллектті дамыту міндеттерін іске асыру аясында салалық заңна-

маны жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Келер жылы Астанада Жасанды интеллект орталығын ашу жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде жас таланттарды тарту нүктесіне айналуға тиіс. Цифрлық даму министрлігіне осы мәселені ерекше бақылауда ұстау тапсырылды.

IT-саланың жоғары білікті мамандарын даярлау – басым міндет. Astana Hub-та үздік халықаралық тәжірибе ескеріліп, қажетті жағдайлар жасалған. Цифрлық даму, Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктеріне Astana Hub-пен өзара аудару қажеттігі аталып өтті. Үздік әлемдік әдістемелерді назарда ұстап, цифрлық білім мен дағдыларды арттыру тәсілдерін үнемі жаңартып тұру маңызды. Сонымен қатар өңірлердегі цифрлық инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін бұл мәселелерге әкімдіктер тарапынан тиісті көңіл бөлінуі тиіс. Салалық министрлікке өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, Astana Hub-ты дамыту, өңірлік хабтарды қолдау және IT саласында экспортқа бағытталған бағыттарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ венчурлік қаржыландыруды қолдау жүйесіндегі тәсілдерді жаңарту тапсырылды.

СЕНАТ ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУЛЕРМЕН КЕЛІСТІ

Парламент Мәжілісі «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға Сенат енгізген түзетулермен келісті. Кеше Мәжілістің жалпы отырысында депутат Еркін Әбіл биылғы 21 қарашада аталған заң Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жалпы отырысында қаралғанын еске салды.

«Сенат «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңына жалпы сомасы 118,8 млрд теңгеге 135 түзету енгізді. Оның ішінде 2025 жылы – 60 млрд теңге, 2026 жылы – 38,5 млрд теңге, сондай-ақ 2027 жылы 20,3 млрд теңге қамтылды. Бұл шығыстар өңірлерді қолдауға, атап айтқанда, «Ауыл – ел бесігі»

бағдарламасын іске асыруға, көлік инфрақұрылымын дамытуға, сумен жабдықтауға және су бұруға, газ тасымалдау жүйесін дамытуға және басқа да бағыттарға жіберілді. Жалпы Сенат енгізген түзетулер республикалық бюджет жобасы параметрлерінің тепе-теңдігін бұзбайды және экономика мен өңірлерді одан әрі тұрақты дамы-

туға бағытталған. Баяндалғанды ескере отырып, Мәжілістің Қаржы және бюджет комитеті Парламентінің Мәжілісіне Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулармен келісуді ұсынуға болады деп есептейді» деді Е.Әбіл.

Жалпы отырыс кезінде Палата депутаттары бұл ұсынысқа қолдау білдірді.

МӘЖІЛІС МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мәжілістің жалпы отырысында Қазақстан Азия даму банкінен, Азия инфрақұрылымдық банкінен, сондай-ақ Халықаралық қайта құру және даму банкінен жалпы сомасы 190 млрд йенге жуық қаражат тартуға мүмкіндік беретін құжат қабылданды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» заңы аясында 52,3 млрд йен алу ескерілген.

«Мемлекет басшысының биылғы 5 тамыздағы Жарлығына сәйкес, 52,3 млрд жапон йенасы көлеміндегі қарыз туралы келісімге 2024 жылғы 23 тамызда қол қойылды. Жапон йенасы валютасын таңдаудың негізі себебі – ол Жапониядағы тарихи төмен базалық пайыздық мөлшерлемеге және қазақстандық теңге мен жапон йені арасындағы тығыз корреляцияға байланысты. Бұл қаражат Үкіметтің бірінші кезектегі шараларын қолдауға, көлік инфрақұрылымы, өнеркәсіп, білім беру және басқа да басым бағыттарды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Аталған банктің қарызы Қазақстан Республикасына 3 жылдық жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 15 жыл өтеу мерзіміне беріледі» деп түсіндірді Қаржы министрі Мәди Такиев.

Оның айтуынша, тартылатын қарызға қызмет көрсету және оны өтеу, Қарыз туралы келісімде белгіленген қаржылық шарттарға сәйкес, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Өткен жылдардың ішінде Қазақстан мен аталған банк арасында кең ауқымды экономикалық мәселелерді қамтитын берік және сындарлы ынтымақтастық қалыптасты. Қазақстан Азия даму банкіне 1994 жылы қосылды. Еліміздің үлесі 0,805%-ды құрайды» деді министр.

Сонымен қатар қабылданған «Қазақстан Республикасы мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» заңы бойынша 52,7 млрд йен алу қарастырылған. Қарыз туралы келісімге 2024 жылғы 21 тамызда қол қойылды. Бұл қаражат та Үкіметтің бірінші кезектегі шараларын қолдауға,

көлік инфрақұрылымы, өнеркәсіп, білім беру және басқа да басым бағыттарды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Қазақстан аталған банкке 2017 жылы қосылды, еліміздің үлесі 0,754%-ды құрайды.

Бұдан бөлек, Мәжілістің жалпы отырысында қабылданған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» заңы аясында 84,9 млрд йен тартылады. Қарыз туралы келісімге 2024 жылғы 11 қазанда қол қойылды.

«Бұл қаражат экономикамыздың маңызды салаларын қамтитын Үкіметтің биылғы арналған республикалық бюджетте қарастырылған міндеттемелері мен басым бағыттарын қаржыландыруға жұмсалады. Аталған банктің қарызы 5 жылдық жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 11 жыл өтеу мерзіміне беріледі» деді М.Такиев.

54 ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Бұл туралы Үкімет отырысында Көлік министрі Марат Қарабаев мәлімдеді. Оның айтуынша, қазір тек Қызылорда, Шымкент, Павлодар және Түркістан қалаларының вокзалдары толық күрделі жөндеуден өткен.



«Қалған вокзалдарды жөндеу бойынша қажетті техникалық құжаттар әзірленуде және қаржыландыру көздері мен механизмдері пысықталып жатыр» деді Марат Қарабаев. Сондай-ақ ол келесі жылы еліміз 226 жолаушылар ваго-

нын сатып алатынын айтты. «Өткен жылы 118 жаңа вагон сатып алына, биыл 143 вагон жеткізіледі. 113 вагон алынды, жыл соңына дейін тағы 30 вагон жеткізіледі деп жоспарланып отыр. Келесі жылы 226 вагон сатып алу

көзделген. Жалпы 2029 жылға дейін 1200-ге жуық жолаушылар вагоны сатып алынады. Нәтижесінде вагон паркi 3 мың данадан асып, оның тозу деңгейі 38 пайызға дейін төмендейді. Қазіргі көрсеткіш – 44 пайыз» деді министр.

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСЕЙДЕ ШЫҒАТЫН «ИЗВЕСТИЯ» ГАЗЕТІНЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАСЫ

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы – берік әрі мызғымас достықтың шынайы көрінісі. Екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы тығыз астасып жатқан тарихи және мәдени байланыстарға, сондай-ақ, қос халықтың болашағына қатысты ортақ жауапкершілікке негізделген. Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, біздің елдеріміз тату көршілік пен сан салалы ынтымақтастықтың үлгісін көрсетіп келеді. Бұл ынтымақтастықтың ортақ мүдде, өзара сыйластық, ең жоғары деңгейдегі сындарлы саяси диалог арқау болып отыр.

Ресей Президенті Владимир Владимирович Путин екеуіміз үнемі хабарласып отырамыз. Бір-бірімізге деген құрметке негізделген біздің қарым-қатынасымыз емен-жарқындығымен және іскерлік сипатымен ерекшеленеді. Мұндай тығыз байланыс туындаған мәселелерді жедел шешуге және мемлекеттеріміздің арасындағы шынайы достық қатынасты нығайта түсуге мүмкіндік береді. Соңғы бір жылдың өзінде Ресей Президенті екеуіміз толыққанды форматта төрт келіссөз жүргіздік. Халықаралық іс-шаралар аясында бірнеше мәрте кездестік, телефонмен де жиі сөйлестік. Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономика саласындағы ықпалдастығы тұрақты түрде дамып келеді. Бұған екі елдің үкіметтері мен бизнес өкілдерінің күш-жігерін жұмылдырғанының арқасында қол жеткіздік. Қазір Қазақстанда Ресейдің 23 мың компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Оның 4 мыңы соңғы бір жылдың ішінде құрылды. Біздің ынтымақтастығымыздың қарқыны жоғары екені осыдан-ақ айқын көрінеді.

Екіжақты инвестиция көлемі де ұлғаю түсті. 2023 жылы Ресей компаниялары Қазақстанға 3 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазақстанда Ресей экономикасына осынша мөлшерде қаржы құйды. Елдеріміз бизнес жүргізуге қолайлы орта қалыптастырып, инвесторларды қолдауға қажетті барлық жағдайды жасап отыр. Қазақстан мен Ресей энергетика, өнеркәсіп, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген салада бірлесіп, ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Осыған дейін жалпы құны 18 миллиард доллардан асатын 90-нан астам жоба іске қосылды. Қазір де болашағы зор 49 жоба



жүзеге асырылып жатыр. Осы маңызды жобалардың ішінен Қазақстанда 3 жылу электр орталығының құрылысы басталғанын және Екібастұз ГРЭС-ін жаңғырту жұмыстарын атап өтуге болады. Бұл қатарда еліміздің бірқатар аймағын газбен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, оңтүстік және шығыс бағытта тасымалданатын Ресей энергетика ресурстарының көлемін арттыруға қатысты ауқымды бастамалар да бар. Астана мен Мәскеу Еуразия экономикалық одағы аясында табысты жұмыс істеп жатыр. Қазір бұл құрылым Еуразия кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықтың маңызды тетігіне айналды және халықаралық деңгейде абырой-беделге ие болды.

Биыл Еуразия экономикалық одағын құру туралы шартқа 10 жыл толды. Қазақстан мен Ресей жаһандық бәсекеге қабілетін арттыру үшін әуел бастан жан-жақты ықпалдастық пен байланысты дәйекті түрде нығайтуға ұмтылды. Сол себепті бірлестік құру туралы бастама көтеріп, осы ұйымның негізін қалады. Содан бері Еуразия экономикалық одағы оған мүше мемлекеттердің экономикалық саясатын интеграциялау және өзара сауда-саттықты дамыту үдерісі табысты жүзеге асып жатқан аса маңызды платформа ретінде өзінің тиімділігін көрсетті. Ресей Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары қазақ-орыс

қатынасының тарихындағы аса маңызды оқиға болмақ. Жоғары мемлекетаралық мәртебесі бар бұл сапар елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестіктің мән-маңызы айрықша екенін көрсетеді. Астанада өтетін кездесуде Ресей Президентімен бірге сауда-экономика, көлік-логистика, отын-энергетика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастыққа қатысты ауқымды мәселелерді талқылаймыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық барысын пысықтауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, қазір, өкінішке қарай, қатты ушығып тұрған әлемдегі ахуалға қатысты пікір алмасамыз. Біз, Қазақстан халқы, елдерімізді әлемдегі құрлық арқылы өтетін ең ұзын шекара қосып тұрған ердайым есте ұстаймыз. Оны мәңгі достық пен нағыз тату көршіліктің шекарасы деп санаймыз. Екі жақтың шекара маңындағы аудандарында 32 миллионға жуық адам тұрады. Бұл да айрықша маңызды. Екі елдің аймақтары біздің мемлекетаралық қатынастарымызды нығайтуға елеулі үлес қосып отыр. Сондықтан мемлекет басшыларының Өңіраралық ынтымақтастықтың XX форумына бірге қатысуы осы сапар барысындағы маңызды шара болмақ.

Алдағы сапар инвестиция және сауда саласындағы ынты-

мақтастықты жандандыруға зор серпін беріп, қос халықтың игілігіне арналған бірлескен жобаларды бастауға септігін тигізеді деп сенеміз. Елдеріміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын лайықты атап өтуге дайындалып жатыр. Ортақ тарихқа деген құрмет әрдайым Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығына арқау болары сөзсіз.

XX ғасырда біздің халықтарымыз адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста фашизмді жеңіп, ауыр сынақты бірге еңсерді. Қазақстандықтар қан майданда жан аямай соғысты. Қазақстан армияны керек-жарақпен және азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сенімді стратегиялық тыл болды. Эвакуация кезінде жүздеген мың отбасы қазақ жерінен пана тапты. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген сөз қазақстандықтар үшін жалаң ұран емес. Бұл ұғым майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің қайталанбас ерлігі ел жадында мәңгі сақталатынын білдіреді.

Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыс та қарқынды дамып келеді. Көпшілік көңілінен шығатын мәдениет күндері, фестивальдер мен көрмелер тұрақты өткізіліп тұрады. Бытыр елімізде «орыс маусымы» деген атаумен ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал биыл Мәскеуде Астананың мәдениет күндері өтті. Ондағы ең негізгі оқиға ретінде «Абай» операсының Үлкен театрда

қойылғанын айтуға болады. Сондай-ақ, Ресейдің басты мұражайлары – Третьяков галереясында және Эрмитажда Қазақстанның көрмесі ашылды. Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты. Ал Астанадағы Дүниежүзілік Қазақстан көрмесі ашылды. Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты. Ал Астанадағы Дүниежүзілік Қазақстан көрмесі ашылды. Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты. Ал Астанадағы Дүниежүзілік Қазақстан көрмесі ашылды. Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты.

Біздің ел Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерді. Ұйым орыс тілін қолдау және оны насихаттау үшін ТМД елдері арасындағы байланысты дамыту мәселесімен айналысатын болады. Бұл қадам халықтарымыздың арасындағы достықты, тату көршілікті, этносаралық келісімді, өзара түсіністік пен сенімді нығайта түседі деп сенеміз. Қазақстан мен Ресей көп полярлы әлем, бейбіт диалог, барлық мемлекеттердің егемендігін құрметтеу сынды идеяларды дәріштеп, халықаралық аренада өзара табысты қарым-қатынас жасап отыр. Екі елдің жаһандық және аймақтық деңгейдегі көптеген мәселеге қатысты ұстанымы үндес. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай

ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және басқа да интеграциялық бірлестіктері аясындағы тығыз ықпалдастық – соның айқын дәлелі. Биыл шілде айында Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті. Онда «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік» туралы декларация қабылданды. Бұл құжат ұйымның Еуразияда жаңа, біртұтас және бөлінбес қауіпсіздік архитектурасын құруға ықпал ете алатынын айғақтайды. Қазан айында Мәскеу қаласында ТМД-ға мүше елдердің мемлекет басшылары кеңесі отырысының өткізілуі ынтымақтастықтың дамуына маңызды оқиғаның бірі болды. Басқосуда тараптар өзара тиімді әрі жан-жақты ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін атап көрсетті.

Биыл Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық етіп отыр. Астанада өтетін саммит аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайта түсетін басты оқиға болмақ. Еліміз ұжымдық қауіпсіздікті бейбіт жолмен қамтамасыз ету және ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты сақтау жолында күш біріктіруді барынша қолдап отыр. Сондай-ақ, БРИКС ұйымының Қазан қаласындағы тарихи саммиті өте нәтижелі болғанын атап өткім келеді. Бұл форум Владимир Владимирович Путиннің ерік-жігері мен абырой-беделінің және әлем жұртының 45 пайызының мүддесін қорғайтын бірлестікке Ресейдің тиімді төрағалық етуінің арқасында өтті.

Сөз соңында, биыл екі жақты қарым-қатынасымыз үшін жемісті жыл болды деп сеніммен айтуға болады. Сонымен бірге, 2025 жылы көптеген бірлескен бастамалар мен ортақ жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Соның бәрі екі ел азаматтарының игілігіне айналады деп сенеміз. Қазақстан мен Ресей тату көршілік пен одақтастық рухына негізделген риясыз достықты нығайтып және ең бастысы өзара сенімді қарым-қатынас орнатты. Біз елдеріміздің басты мүддесіне сай келетін ең батыл идеяларды бірге жүзеге асыра аламыз деп ойлаймын. Ал Қазақстанға келер болсақ, біз тарихтың қақтығысқа және апатқа толы құрделі кезеңінде Ресейдің сенімді стратегиялық серіктесі әрі одақтасы болып қала береміз.

БҰҰ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Португалия Республикасына сапары аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының 10-жаһандық форумына қатысты.

қатысты халықаралық түйткілдерді шешуге арналған игілікті істеріне назар аударды. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті арттыру үшін халықтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру жолындағы жетістіктер де сөз болды.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер альянсы елдер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ, жауласуды, алалауды және ксенофобияны еңсеруге ықпал етеді. Біз альянспен арадағы көпжылдық серіктестігімізді жоғары бағалаймыз. Қазақстан альянстың достар тобының мүшесі ретінде оның іс-шараларына

белсенді қатысады және осы ұйымның бастамаларын әзірлеп, іске асыруға өз үлесін қосады. Біз алдағы уақытта да БҰҰ-ның өркениетаралық диалогты көздейтін мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосуға дайынбыз. Альянстың мәдениеттерді жақындастыру, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру, діни, нәсілдік және этникалық қақтығыстардың алдын алу бағытындағы ұстанымын қолдаймыз. Батыс пен Шығыстың тоғысқан жерінде орналасқан Қазақстан ежелден халықтарды, мәдениеттер мен діндерді байланыстыратын географиялық және

өркениеттер көпірі рөлін атқарып келеді» деді Мәулен Әшімбаев.

Форум барысында қатысушылар діннің әлемдегі сындарлы және маңызды рөлін ескере отырып, дін көшбасшылары жаһандық сын-қатерлерді талқылауға белсенді жұмылдырылуы керектігін айтты. Бұл ретте геосаяси шиеленістер, қарулы қақтығыстар, сауда соғыстары, климаттық проблемалардың ушығуы, жалған ақпараттың кең таралуы және дәстүрлі адами құндылықтардың құнсыздануы сияқты сын-қатерлер сөз болды.

Мәулен Әшімбаев пен БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриштің кездесуі

кезінде тараптар Қазақстанның БҰҰ-мен жан-жақты ынтымақтастығының басым бағыттарына назар аударды және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы проблемалар мен қазіргі таңдағы өзекті сын-қатерлерді талқылады. Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев Антонио Гутерришке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» атты Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне шақыруды табысты етті.

Өз кезегінде БҰҰ Бас хатшысы Мемлекет басшысының орнықты даму бойынша жүргізіп келе жатқан саясатын жоғары бағалап, Қазақстанның жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуді көздейтін бастамаларын одан әрі қолдауға дайын екенін білдірді.

№142 (4730) 28/11/2024 Бейсенбі



МӘСЛИХАТ ПЕН АССАМБЛЕЯ БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЯДЫ

Елордадағы Достық үйінде қалалық мәслихат депутаттарының Қазақстан халқы ассамблеясымен байланыс тетігін орнату мәселелеріне арналған комиссия отырысы өтті. Жиынға Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов қатысты.

«Астана – 1,5 миллионға жуық тұрғыны бар қарқынды дамып келе жатқан қала. Оның халқын 70-тен астам этнос пен этникалық топ өкілдері құрайды. Мұндай саналуандық жағдайында ҚХА қызметі ұлтаралық келісімді нығайтуда, толеранттылық мәдениетін насихаттауда маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы ассамблеясы ел бір-

лігін іс жүзінде орнықтыра түсетін тиімді құрылым екенін және оның қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін бірнеше рет атап өтті» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, Достық үйі маңызды бастама көтеріп, су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға

көмек көрсету үшін республикалық штаб ұйымдастырды.

«2024 жылы қалалық ассамблея 70 миллион теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсетті. Бұл оның белсенді әлеуметтік ұстанымын дәлелдеді» деді мәслихат төрағасы.

Ерлан Каналимов қалалық Ішкі саясат басқармасына Достық үйімен бірлесіп, ассамблея мүшелерінің қатысуымен іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және іске асыруды, сондай-ақ мәслихаттың жұмыс отырыстарына олардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін сарапшылар қауымдастығын құруды тапсырды.

АУДАНАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ – НАЗАРДА

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорданың алты ауданының басшылығымен кездесулерді бастады. Онда әр ауданның шағын аудандары мен тұрғын алаптарындағы өзекті мәселелері анықталады. Алғашқы көшпелі отырыс Байқоңыр ауданында өтіп, Есіл ауданында жалғасты.

«Байқоңыр ауданы аумағында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Су басу қаупі бар аумақтар жойылып, санитарлық тазалықты қамтамасыз ету үшін 28 арнайы техника сатып алынды. Жергілікті суару жүйесі орнатылып, апатты және ескі үйлерді бұзу жұмыстары жүзеге асуда» деп жазды әлеуметтік желідегі жеке парақшасына қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Оның мәліметінше, ауданның кейбір мәселелері жүйелі сипатқа ие. Олардың ішінде электрмен жабдықтау, әлеуметтік нысандардың құрылысы бойынша жобалардың қымбаттауы, саяжайлар, заңсыз қоқыс алаңдары және басқа да мәселелер бар.

«Барлық өзекті мәселе депутаттық корпус және партиялық бақылауға алынады. Кездесу қорытындысы бойынша, әрбір мәселе бойынша жағдайды түзету үшін егжей-тегжейлі талдау мен ұсыныс дайындауды тапсырамыз» деді Ерлан Каналимов.

Есіл ауданы әкімдігінде өткен көшпелі кеңес барысына депутаттарға ауданда 357 ауланың 40-ы абаттандыруды қажет ететіні айтылды. Биыл 9 аула абаттандырылып, 56 мың шаршы метр тротуар плиткасы жаңартылды, оның ішінде Ботаникалық бақ пен ЭКСПО аумағы да бар. Депутаттар ерекше назарды заңсыз қоқыс үйінділерін жоюға аударды.

«Мәселелердің қатарында көшелердің құрылысын жүргізу және көлік жолдарының жағдайын қамтамасыз ету, оның ішінде «Времена года» тұрғын үй кешеніне апаратын асфальтталған жолдың құрылысын қарастыру керек. Жолдың толық аяқталмаған учаскелері тұрғындарға едәуір қолайсыздықтар туғызып, әсіресе жаңбыр мен қар жауған кезде көлік апаттарының қауіп-қатерін арттырады» деді Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ Ә.Бөкейхан көшесінің Керей мен Жәнібек хандар көшесінен Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі аралықтағы жарықтандыруды кеңейту және абаттандыру мүмкіндігін қарастыру қажеттілігі туралы айтылды.

ҮЗДІК ЖАС ОТБАСЫЛАР ҮКІЛЕНДІ



Кеше Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Үздік жас отбасы-2024» конкурсы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Аталған байқауға қатысып, сөз сөйлеген Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан Отанның тұтасын сақтау әр отбасының татулығымен тығыз байланысты екенін атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Отбасы – кез келген мемлекеттің тірегі, ұрпақ тәрбиесінің негізі. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік те, патриоттық сезім де отбасынан бастау алып, қалыптасады. Бұл байқау да қажырлы еңбек, өнегелі тәрбие, ізгі

дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқан отбасыларды үлгі етуді көздейді. Оған қатысқан әр жанұя – түрлі салада жетістікке жетіп, әулет абыройын асырып, құрметке бөленгендер. Олар қашанда қоғамның айнасы бола алады деп сенеміз, – деді Назгүл Сейітқожақызы.

Жалпы жарысқа қатысу үшін 35 жасқа дейінгі елордалық жас отбасылардан 60-тан астам өтінім келіп түскен. Олардың ішінен отбасылық жұптарға арналған зияткерлік турнир арқылы іріктеліп шыққан 10 отбасы финалдық кезеңге жолдама алып, «Үздік жас отбасы» шығармашылық байқауында бағын сынады. Олар: Ашу, Ендібай, Ербол, Исабай, Қажымұрат,

Құлшар, Нәби, Самет, Серікбай және Кушеновтар отбасы.

Финалда үш кезең бойынша сынға түскен бұл жанұялар бірінші кезеңде өздерін таныстырды. Екінші кезеңде «Сөзді тап» ойынын ойнады. Мұнда ерлі-зайытылардың бірі сөзді қимылмен көрсетеді, ал екіншісі сол сөзді табуы керек. Үшінші кезеңде «Талантты отбасы» деген тақырыпта өздерінің бойындағы әртүрлі өнерін көрсетті.

Осылайша, елорда әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан, «Жайна, Астана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхтар Еркетаев, «Үздік жас отбасы-2023» байқауының жеңімпазы Гаухар Сәдуақасова және жастар ұйымдары жетекшілерінің бағалауымен өткен іс-шараның нәтижесінде, қазылар алқасының шешімімен, кезеңдік балдарды көп жинаған жанұялардың ішіндегі ең үздігі болып танылған Кушеновтар отбасына 700 мың теңгенің сертификаты мен бас жүлде тапсырылды. Ал 450 мың теңгелік екінші орынға Ендібайлар отбасы лайық деп танылса, үшінші орынды Саметовтар отбасы иеленіп, 350 мың теңгені қанжығасына байлады. Ал қалған жанұялардың әрқайсысына 100 мың теңгеден ақшалай сыйлық пен алғыс хат табысталды.

– Біз әу баста әлеуметтік желі арқылы осындай жарыстың бар екенін біліп, отағасы екеуміз қатысып көруді шешкен едік. Енді, міне, жарыстың жеңімпазы атанып отырмыз. Бұл жерде біздің отбасының береке-бірлігі, сыйластығы, махаббаты жеңіске жетті деп есептеймін, – деді жарыс жеңімпазы, Кушеновтар отбасының мүшесі Құралай Ғайниқызы.

Астана қаласы мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау Астана қаласы округ сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Арнайы уақытша шоттарға (сайлау қорына) қаражаттың түсуі туралы есеп

1. Мәслихат депутаттығына кандидат Мұратбек Берікбекұлы Берікбековтің, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы. Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 21 қарашадағы күннің соңындағы жағдай бойынша 228 000 (екі жүз жиырма сегіз мың) теңгені құрайды.

р/с	Қабылдау күні	Сомасы (теңге)	Табыс көзі Т.А.Ә.	Қабылдауды растайтын құжаттар
1	2	3	4	5
1. МЕНШІК ҚАРАЖАТТАР				
1	21.11.2024 ж.	228 000	Берікбеков Мұратбек Берікбекұлы	Төлем тәртібі № 03
БАРЛЫҒЫ:		228 000		

2. Мәслихат депутаттығына кандидат Жомарт Мұратбекұлы Қияловтың, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы. Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 18 қарашадағы күннің соңындағы жағдай бойынша 120 000 (жүз жиырма мың) теңгені құрайды.

р/с	Қабылдау күні	Сомасы (теңге)	Табыс көзі Т.А.Ә.	Қабылдауды растайтын құжаттар
1	2	3	4	5
1. МЕНШІК ҚАРАЖАТТАР				
1	21.11.2024 ж.	120 000	Қиялов Жомарт Мұратбекұлы	Төлем тәртібі № 003910598
БАРЛЫҒЫ:		120 000		

Астана қаласы мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау Астана қаласы округ сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Сайлау қорынан қаражаттың жұмсалуды туралы есеп

1. Мәслихат депутаттығына кандидат Мұратбек Берікбекұлы Берікбековтің, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы. Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 21 қарашадағы күннің соңындағы жағдай бойынша 7 000 (жеті мың) теңгені құрайды.

р/с	Шығындар күні	Сомасы (теңге-мен)	Шығын бағытының коды	Қаражат жұмсалған іс-шаралар	Қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттар (төлем құжаттарының нөмірі мен күні)	Шоттан ақшаны аударудың себебі
1	2	3	4	5	6	7
Шығындар бағытының коды 03 «Баспа, аудиовизуалды және өзге де үгіт-насихат материалдарын өндіруге және (немесе) таратуға арналған шығыстар»						
1	21.11.2024	221 000	03	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	Төлем тәртібі № 0NBVT7WT1X 21.11.2024 ж.	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер
БАРЛЫҒЫ:		221 000				

2. Мәслихат депутаттығына кандидат Жомарт Мұратбекұлы Қияловтың, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы. Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 19 қарашадағы күннің соңындағы жағдай бойынша 8 000 (сегіз мың) теңгені құрайды.

р/с	Шығындар күні	Сомасы (теңге-мен)	Шығын бағытының коды	Қаражат жұмсалған іс-шаралар	Қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттар (төлем құжаттарының нөмірі мен күні)	Шоттан ақшаны аударудың себебі
1	2	3	4	5	6	7
Шығындар бағытының коды 03 «Баспа, аудиовизуалды және өзге де үгіт-насихат материалдарын өндіруге және (немесе) таратуға арналған шығыстар»						
1	19.11.2024	112 000	03	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	Төлем тәртібі № 0NB46KF43 19.11.2024 ж.	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер
БАРЛЫҒЫ:		112 000				

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде «Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-36, 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН

Елордада «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы одан әрі жалғасуда. Акцияның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өтіп жатқан іс-шара арқылы жаһандық деңгейде де, ұлттық деңгейде де қандай болмасын зорлық-зомбылықты жоюға әрекет жасалады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Аталған науқанды 1991 жылы бірінші жаһандық әйелдер көшбасшылығы институтының белсенділері құрған болатын. Әлемдегі барлық ұйым бұл акцияны әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жоюға шақыру мақсатында тиімді пайдаланады. Қазақстанда әйелдер мен қыздардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және олардың құқығы мен мүмкіндігін кеңейту мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі халықаралық және ұлттық серіктестермен тығыз ынтымақтастық іс-әрекеттер жүргізуде. Халықаралық науқан аясында Қазақстанда 100-ге жуық іс-шара өткізу жоспарланған. Сонымен қатар акция шеңберінде зорлық-зомбылық түрлерін анықтау, оның салдары мен алдын алу жолдары туралы белсенді ақпараттық науқан басталды. Осы аралықта әйелдер үшін өзін-өзі қорғау бойынша тренингтер ұйымдастырылады, конференциялар, дөңгелек үстелдер, зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында арт-перформанс және басқа да іс-шаралар өткізу көзделуде.

Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері акцияның екінші күнінде елордадағы мамандандырылған балалар үйіне барды. Бұл үй Астанада 1920 жылдардың басында, азаматтық соғыстан кейін ашылған. Комиссия өкілдері балалар үйінің жағдайымен танысып, мекеме қызметкерлерімен кездесті. Мекеме директоры Сәуле Кенжетайқызы балалар үйін көрсетіп, ішін аралатты. Қазіргі таңда бұл үйде 78 бала тәрбиеленуде. Сонымен қатар осы күні «Үміт» дағдарыс орталығында қызмет көрсетушілерге арнап «Біз бір отбасымыз» іс-шарасы өтті. Жиында келушілер түрлі сыйсқа қатысып, жеңімпаздар сыйлықтарға ие болды.

Аталған комиссия төрағасының орынбасары Назгүл



Мақжанның айтуынша, бүгінде елорда халқының 52,4 пайызын әйелдер құрайды. Әйелдер елорданың мемлекеттік басқару органдарында өкілдік етеді, 1 басқарма басшысы, 13 басқарма басшысының орынбасары, 2 аудан әкімінің орынбасары – әйел. Қалалық мәслихат депутаттарының жалпы саны 33 адам болса, оның ішінде 9-ы – әйел. Экономикалық қызметтегі белсенді әйелдердің үлесі – 353340 (81,1 пайыз). Елордадағы барлық бизнестің жартысын әйелдер басқарады.

– Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі басымдығы – табысты жүргізіліп жатқан отбасы саясаты. Гендерлік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі – репродуктивті денсаулықты қорғау. Астана қаласында репродуктивті жастағы әйелдер саны 418754 адамды құрайды. Барлық алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымында отбасын жоспарлау және көмелекке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыс жүргізілуде. Соңғы 10 жылда туу көрсеткіші 41 пайызға ескені байқалады. Қалада 30 отбасын жоспарлау кабинеті жұмыс істейді, онда арнайы дайындалған медицина қызметкерлері контрацепция және жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын

алу мәселелері бойынша кеңес береді. Сонымен қатар 10-29 жас аралығындағы жастарға отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша кеңес беру және профилактикалық іс-шаралар өткізетін 22 жастар денсаулық орталығы бар. 2022 жылы экстракорпоралды ұрықтандыру циклын өткізу жоспарына сәйкес қалаға 518 квота бөлінсе, 2023 жылы бұл сан 554 квотаға дейін ұлғайды, – деп атап өтті Н.Мақжан.

Қазіргі уақытта елордада 27 мыңнан астам көпбалалы отбасы, оның ішінде «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған 5738 көпбалалы ана тұрады. «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған, «Батыр ана» атағын алған немесе «Ана даңқы» орденінің бірінші және екінші дәрежесімен марапатталған әйелдерге ай сайын 6,4 АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді. Елордада 15,9 мың жұмыссыз әйел тіркелген. Әйелдердің жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 0,7 пайыздық тармаққа төмен.

Профилактиканы күшейту мақсатында есепте тұрғандармен және жұмыс жанданып, алкогольизм мен нашақорлықтан жемқорлық емдеуге жолдама бойынша жұмыс жалғасып жатыр.

– Әйелдер көбіне ұрып-соғу, қорқыту фактілеріне тап болады, оны полициядан жасырады, өзін-өзі тәрбиелеуге, жұбайына немесе бірге тұратын адамға өзінше әсер етуге тырысады, бұл бірнеше аптаға, айға созылады және көбіне қайғылы жағдаймен аяқталады, балалар зардап шегеді. Бұл тұрғыда біз елорданың үкіметтік емес ұйымдарын тарта отырып, жәбірленушілердің құқығын қорғау бойынша іс-шараларды іске асырамыз, психологиялық көмек, заңгерлік қолдау көрсетеміз. Биыл «Үміт» дағдарыс орталығына өмірлік қиын жағдайға тап болған 50-ден астам әйел мен 100 бала орналасты, түзету жұмысы жүргізілді. Халық санының тұрақты өсуін ескере отырып, зорлық-зомбылықтан зардап шегетін адамдарға көмек көрсететін ұйымдардың, әйелдер және балалармен жұмыс жөніндегі ҰЕҰ-ның болуы туралы халыққа кеңінен ақпарат беру маңызды, – деп атап өтті Астана қаласы Полиция департаменті әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Гүлмира Шрахметова.

Спикерлер халық қиын жағдайда өмірлік қолдау көрсете алатын осындай әлеуметтік қызметтер немесе ұйымдар бар екенін білуі керектігін атап өтті. Шешуді қажет ететін тағы бір мәселе – агрессорлармен және отбасылық жанжалқойлармен жұмыс жүргізу, олардың мінез-құлқын психологиялық түзету. Осы мақсатта полиция құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссияның отырысында мамандандырылған түзету орталығын ашуды қарастыруды ұсынды. Биыл 10 айдың ішінде 102-ге отбасылардағы агрессия фактілері бойынша азаматтардан 8525-тен астам қоңырау келіп түскен. Мұндай өсім отбасының табысын жоғалтуы, қаржының жетіспеушілігі мен несиенің көптігіне байланысты болады, бұл ретте жақын адамдар арасындағы қарым-қатынас нашарлап, кейде зорлық-зомбылық түріне ауысады. Профилактиканы күшейту мақсатында есепке алынатын контингентпен жұмыс жанданды. Зорлық-зомбылық жасалып жатқан, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау бойынша мобильді топтар жұмыс жүргізуде.

Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» мекемесінің ұйымдастыруымен А.Байтұрсынов атындағы Vinom school мектеп-лицейінде «Ғаламат» рухани-танымдық жобасының алғашқы тұсаукесер кездесуі өтті.

ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОБА

Жобаның мақсаты – мектеп оқушыларына, арнаулы орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне, әртүрлі этнос өкілдеріне рухани-тағлымдық бағыттағы дәрістер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; байтақ жеріміздің тарихы мен дархан көңілді ұлтымыздың рухани құндылықтарын кеңінен насихаттау; бабадан қалған бай мұраларымызды халықтың санасына сіңіру, рухын ояту; тілге шешен, сөзге ұста, салт-дәстүріміз бен тарихымызды білуге талпынған жалынды жастарымызды ақындық, сал-серілік өнерге баулу, мәнерлеп оқу, актерлік шеберлігін шыңдау, сахна өнеріне үйрету арқылы елге таныту.

Рухани-танымдық шеберлік сабақтарын мәдениет саласының ақын, мекеменің

тарихындағы маңызын әңгімелеп, өнегелі сөздерін арнады.

Іс-шарада ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, дәріптеу бағытындағы түрлі сала қамтылды. Ақпарат саласының үздігі Айжан Серікқызы оқушыларға салт-дәстүрлерімізді бойына берік тоқудың, ұлттық киімдерімізді әрдайым киіп, ұлттық нақышта жүрудің, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастырып, шебер оқудың, актерлік шеберлігін шыңдаудың маңызын түсіндірді.

Жеткіншектерге өткен тарихымыз бен әдебиетімізді сабақтастыра отырып, жеті атаны білудің маңызы жеткізілді. Ғаламат Назарбайұлы әуезді халық өндерін насихаттап, осы іс-шарада Алаш арысы Міржақып Дулатұлының «Алаш гимнін» орындады.

«Ғаламат» рухани-танымдық шеберлік сабақтарын



идеологиялық жұмыстар және жобаларды жүзеге асыру жөніндегі бөлім басшысы Серік Рысбекұлы ашып, жобаның «Ғаламат» тақырыбында қойылуының қыр-сырын айта отырып, өзінің «Ғаламат» атты өлеңін оқыды. Оқушыларға сал-серілік өнердің ерекшелігі мен шешендік өнердің халық

асқан ыждаһаттылықпен, ерекше сүйіспеншілікпен тыңдаған мектеп оқушылары бұл кездесуде өздерінің ақындық, актерлік шеберлігінің ұшқынын көрсетіп, сахнаға шығып, емин-еркін өлеңдерін оқыды, сахналық сал-серілік көрсетіп, күмірлеген күй тартты.

ПӘТЕРГЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

Астанада тұрғындарды пәтерге тіркеуге алу тәртібі өзгереді. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті Көші-қон басқармасы бастығының орынбасары Қанай Жұмабеков мәлімдеді.

Оның айтуынша, қазіргі кезде адамдарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу қағидасында бір пәтерге нақты осы бағыттағы ынтымақтастыққа шақырамыз: сіздердің қолдауларыңыз бен белсенділіктеріңіз – ортақ мақсатымыздың табысты болуының кепілі.

Ашық, адал және есепті басқару жүйесін құра отырып, біз әділетті және бақуатты болашақтың негізін қалаймыз.

Ришат ТҮРДЫБЕКОВ,
Астана қаласы Нұра ауданының әкімі

ке алынбайды. Демек, пәтер иесінің өзі, жұбайы, ата-анасы, балалары есептелмейді, басқа адамдар ғана есептеледі. Бұл жағдайда, мысалы, пәтер аумағы 60 шаршы метр болса, онда бөтен 4 адамды ғана тіркеуге тұрғызу мүмкін болады, – деді Қ.Жұмабеков.

Жақында көші-қон туралы заңнаманы өзгертуді көздейтін заң жобасы Мәжіліске түскен. Құжат жергілікті мәселені қатысты өзгеріс қарастырылып жатыр. Мәселен, пәтерге адамды тіркеу кезінде әр адамға 15 шаршы метр берілетін. Бірақ сол үйде тұрып жатқан отбасы мүшелері есеп-

ТИРЕГІМІЗ – АДАЛ ӘРІ ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМ

Бүгінде аудан тұрғындары тек нәтижелі ғана емес, сонымен қатар адал әрі ашық жұмыс істейтін жергілікті билікті көргісі келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек заң талабы емес, халық пен мемлекет арасындағы сенімділікті қалыптастыратын маңызды негіз. Біз әрбір азамат әділдік пен теңдікке сенетін болашақты бірге құруды мақсат етеміз.

Ауданымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған көптеген іс-шара жүзеге асырылуда. Біз тәуекелдерді азайтып, ықтимал заң бұзушылықтарды дер кезінде анықтау үшін тұрақты бақылау және мониторинг жүйесін іске қостық. Аудандық қызметтердің жұмысын арнайы жұмыс тобы қадағалайды, ол барлық бөлімшенің қызметін мониторингтен өткізіп, талдайды. Талдау нәтижелері біздің ресми сайтта жарияланады. Бұл жүйе қажетті ашықтық пен есептілік-

ті қамтамасыз етіп, күмәнді жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар аясында біз тұрғындар алдында тұрақты есеп беріп, атқарылған жұмыстар мен бөлімше жоспарлар туралы ақпаратпен бөлісеміз. Осындай ашық қарым-қатынас форматы тұрғындардың күткенін түсінуге, олардың қажеттіліктеріне жауап беруге, сенімді әрі нәтижелі әріптестік орнатуға көмектеседі. Сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін төмендететін маңызды құралдардың бірі – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Бұл жоба аудан тұрғындарына бюджет қаражатын бөлу және оны іске асыру процесіне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. Азаматтардың тікелей қатысуы ауданның өмір сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар жемқорлық схемаларының алдын алуға ықпал етеді. Шешімдер тұрғындармен бірге және олардың мүддесі үшін қабылданғанда, әрбір бөлімге теңге аудан игілігі үшін

ашық әрі тиімді жұмсалады.

Әрбір тұрғын ауданымыздың адал әрі тұрақты қоғам құру жолында бірге жұмыс істейтінімізге сенімді болуы маңызды. Тек өзара сенім мен белсенді қатысу арқылы біз сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ орта қалыптастыра аламыз. Біз барша тұрғындарды осы бағыттағы ынтымақтастыққа шақырамыз: сіздердің қолдауларыңыз бен белсенділіктеріңіз – ортақ мақсатымыздың табысты болуының кепілі.

Ашық, адал және есепті басқару жүйесін құра отырып, біз әділетті және бақуатты болашақтың негізін қалаймыз.

№142 (4730) 28/11/2024 Бейсенбі

Индира
БЕРЖАНОВА

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «құмарпаздық – қауіпті кесел, кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті, бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш» деп атаған еді. Қоғамдық кеселге қатысты елімізде заң қабылданып, енді 21 жасқа толмағандарға құмар ойынын ойнауға тыйым салынды.

Елде заңсыз ойын бизнесінің зардабын жоюға бағытталған түрлі шара қолға алынғанмен, жымсықы әрекетін жасырын түрде жүзеге асыратындар азаматтарды сан айламен арбайтын болған. Тірнектеп тапқанын құмар ойынға құрбан қылғандардың дені – жастар. Сондықтан да жас ұрпақпен кешенді жұмыс жүргізу өзекті. Бұл мақсатта елордада биыл «Jaғqyn bolashaq» жобасы қолға алынып, жастар арасында лудомания мен алаяқтықтың алдын алуда бірқатар іс-шара жүргізіліп келеді.

Олжас АМАНГЕЛДІ,
«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы:

«Жоба аясында жоғары оқу орындарының, орта арнаулы оқу орындарының білім алушыларына дәрістер, сондай-ақ психологтар, Полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер өтеді. Қазіргі таңда 8 кездесу өтті. Сондай-ақ белсенді жастар арасында боулинг, пейнтбол, бампербол, тимбилдинг секілді танымдық іс-шаралар да ұйымдастыру көзделген. Себебі қатысушылар тек қызықты ойынан ләззат алып қана қоймай, қатарластарымен бірге тілдесіп, осы арқылы пайдалы әдеттерді қалыптастыруға мүмкіндік алады. Жастарға түрлі мән-маңызы бар қызығушылықтың бар екенін түсіну маңызды. Елордалық жастар арасында лудомания деңгейін анықтау мақсатында қазіргі таңда 2500 респондент қатысуымен сауалнама жүргізілуде».

Давид ШАРИПОВ,
«Jaғqyn bolashaq» жобасы аясында боулинг турниріне қатысқандардың бірі, волонтер:

«Мен әлеуметтік волонтер ретінде жалғызбасты әжелерге көмектесемін. Белсенді ерікті ретінде осы турнирге шақырылдым. Өзіме жағымсыз әрекеттерден ада, өзін дамытуға ұмтылатын ортамен араласқан ұнайды. Боулинг турнирінде қарсыластарыммен жақын араласып, жаңа достар таптым. Мұндай іс-шаралар топпен бірге жұмыс істеу қабілетін арттырып, спортқа жақын болуға ықпал етеді».

Жыл соңына дейін жалғастырылған «Jaғqyn bolashaq» жобасы жастар арасында цифрлық қауіптердің алдын алудың маңызды бөлігіне айналды. Бас қаладағы жоба негізінде елордалық полицейлер мен волонтерлер алаяқтық пен құмар ойынға тәуелділіктен қорғау бойынша жадына таратуды жүзеге асырады. Мұндай акциялар қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында, саябақтар мен скверлерде өтеді. Мақсат – тұрғындардың цифрлық қауіпсіздік пен қауіптер туралы хабардарлығын арттыруға, сондай-ақ технологияны қауіпсіз пайдалану дағдысын дамытуға көмектесу. Одан бөлек, елорданың Полиция департаменті қызметкерлері лудомания мен интернет-алаяқтықтың қауіп-қатерін түсіндіруге бағытталған кездесулерге қатысып отырады.



ҚҰМАР ОЙЫННАН ҚҰТҚАРУҒА БОЛА МА?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лудоманияны құмар ойындарға патологиялық әуестігі бар адамдардың дерті деп ресми мойындаған. Себебі бүгінде оңай жолмен ақша тауып, бәс тігіп, құмар ойынға құныққан жастардың саны, өкінішке қарай, артып келеді. Бас қалада құрдымға құлатар даусыз дертпен күрес кешенді түрде жүргізіледі. Лудоманияны анықтап, медициналық көмек көрсету қызметі Астана қаласындағы 7 емхана мен қалалық психикалық денсаулық орталығының базасында жүргізіледі. Сонымен қатар жастар арасында лудоманиямен күрес мақсатында «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Jaғqyn bolashaq» жобасы жүзеге асырылады.

Нұрлан БЕРІКБАЕВ,
Астана қаласы Сарыарқа ауданының полиция қызметкері:

«Букмекерлік компаниялардың парақшалары мен түрлі құмар ойындар қазірде кез келгенге қолжетімді. Әрі оны қолдану әдісі туралы көпшілік жастар, әсіресе оқу орындарының білім алушылары хабардар. Лудомания дерті интернет-алаяқтық қылмысымен тығыз байланысты. Себебі интернет-алаяқтықтың фишинг түрі арқылы қаскөйлер пайдаланушылардың жеке дерегіне қол жеткізіп жатады. Кейін туған-туысының не басқа да адамдардың атынан тіркеліп, өзге біреуден жымқырған ақшасын букмекерлік компаниялардағы шотына жіберетін жағдайлар да кездеседі. Мұндағы лудоманың басты көздегені – өзінің ақшасын еселеп арттыру. Яғни тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу үшін өз-өзіне инвестиция салуға саяды. Өз тәжірибемде лудомандардың басқалардың да ақшасын сыпырып алуға барған жайты кездесті. Мәселен, ол біреуді 20 мың теңге салуға көндіріп, кейін 2 миллион теңге

салуға дейін итермелейді. Бұл әдісті өзі ұта алмай, басқаның көмегімен ұтсам ба деген алаяқтар қолданады. Лудомания ішімдікке салынудан да бетер қауіпті. Өйткені ол азын-аулақ тиын-тебен салудан, бүкіл мүлкінен айырылуға дейін барады. Осылайша тығырыққа тірелген адам қарыс қыспағында қалады, оның үстіне қылмыскер атанады. Ал оның негізгі себебі – өзінің жеңімпаз екенін дәлелдеу. Алайда құмар ойындар адамдарды құрыққа оңай іліп кететінімен белең алып бара жатқанын үнемі ескеру қажет. Жастар үшін маңыздысы – ата-анасының айтқанына құлақ асу және жеңіл ақшаға құнықтау».

Тез байып кету сипатындағы мотивациялық үгіт-насихаттар мен букмекерлік компаниялар жарнамасының көп болуы да адамға әсер ететін сөзсіз. Оған сеніп, құрдымға батқандардың дерті анықталғаннан кейін емделудің де дұрыс жолын қарастырған маңызды. Өйткені қоғам мұны ауру деп мойындамай жатады.

Азамат ЖАМАНҚАРАЕВ,
елордалық «Комек» орталығы мотивация

бөлімінің қызметкері, аддиктолог:

«Жалпы лудомания – Қазақстандағы ғана емес, бүкіл әлемді аландатып отырған мәселе. Лудоманияның басты себебі – адал еңбек етіп, бейнеттің берекесіне бөленудің орнына ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүру, оңай олжаны құмарту. Бүгінде ойнап жүріп от басқан жастар баршылық. Оның ішінде 15-25 жастағылар аталған дертке жиі шалдығып жатады. Мұны емдеуге қатысты көпшіліктің көзқарасы әлі күрделі. Мәселен, бір отбасының баласында бұл дерт анықталса, ата-анасы оған нақты шарт қойып, тоқтату керек. Ал қоғамда керісінше, ата-аналар қатерге бой алдырып жатады. Ең бергісі, кейбіреулер емдетуден ұялып, мұны жасырын ұстайды. Бірінші кезіккен коуч не тренере, тәуіп, имамға апарып, тіпті қарызын өзі жауып беруге дейін барады. Тәуіп тәуелділікті емдейді, бұл – психологиялық дерт. Адам өзін-өзі басқара алмай қалатынын түсіну қажет. Оңалту орталығына жүгініп, кәсіби психологтардың көмегімен ғана дерттен айығуға болады».

ТҰМАУДАН САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Астанада 2024-2025 жылдардағы эпидемиялық маусымға дайындық ретінде 160000 доза «Гриппол+» вакцинасы сатып алынған болатын. Қазіргі уақытта 159539 адам вакцина алды.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, соңғы бір аптада жедел респираторлық вирустық инфекциялар бойынша 7214 науқас тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда шамалас болып келеді. Тұмау және басқа да вирустық инфекциялардың таралуын бақылау үшін 8 медициналық ұйым жұмыс істейді. Онда науқастардан сынама алынып, вирустардың түрін анықтайды. Мұндай зерттеулер эпидемиологиялық жағдайды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

«Осы маусымда тұмаудың А (H1N1) pdm09 штамы анықталды, бірақ парагрипп, риновирус, аденовирус сияқты басқа да вирустар анықталды. Тұмаудың ауыр асқынуын болдырмаудың ең тиімді жолы – уақытында вакцинация алу. Вакцинация адамды тұмаудан қорғап қана қоймай, аурудың ауыр өтуін де алдын алады. Жыл сайынғы вакцинация маусымдық тұмау кезінде

қорғайды әрі инфекцияның таралуын айтарлықтай төмендетеді» дейді Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айгүл Шағалтаева.

Оның айтуынша, тұмау вирусы жыл сайын мутацияға ұшырайды, сондықтан вакцинацияны әр жылы, эпидемияға дейінгі кезеңде, яғни қазан-қараша айында алу өте маңызды. Вакцина алғаннан кейін иммунитет 14 күн ішінде қалыптасып, бір жыл бойы сақталады. Вакцинациядан бөлек, вирустардың таралуын болдырмау үшін қосымша қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Қолды жиі жуу, жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды жабу, ЖРВИ белгілері бар адамдармен байланысқа түспеу және науқас адамдардың көпшіліктен қарым-қатынасын шектеу, қоғамдық орындарда, әсіресе медициналық мекемелерде маска кию. Бұл қарапайым қағидалар болғанмен, респираторлық вирустық инфекциялардың таралуын едәуір төмендетеді.



АУРУ ЖАСАРЫП БАРАДЫ

«Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең» демекші, денсаулықтың қадірі күн өткен сайын артып барады. Өйткені медицина мен ғылым дамыған сайын ауруларды емдеуден гөрі, оның алдын алу шараларының маңызы артты.

Бүгінде жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, инсульт сияқты дерттерден болатын өлім-жітімнің саны көбейіп кетті. Бұл аурулар тек қарт адамдарда ғана емес, жас адамдарда да жиі кездеседі. Мысалы, жүрек талмасы, артериялық гипертония сияқты аурулар бүгінде 30 жастан асқан жастар арасында да жиі тіркеледі. Әрине, бұл өмір салтының, дұрыс тамақтанбаудың, аз қозғалудың, күйзеліс пен стрестің әсерінен туындап отыр.

Кардиолог ретінде айтарым, денсаулығымызды сақтау үшін ең алдымен тамақтану режимімізді дұрыстауымыз керек. Уақытылы әрі дұрыс тамақтану, әсіресе кешкі асты кеш ішеу, майлы және тұзды тағамдарды шамадан тыс қолданбау өте маңызды. Сонымен қатар алкогольді ішімдіктерді, энергетикалық сусындарды және темекі шегуді шектеу қажет. Бұл денсаулыққа теріс әсер ететін факторлардан аулақ болуға көмектеседі. Физикалық белсенділікті ұмытпауымыз қажет. Жаяу

жүру, тұрақты жаттығу жасасу, артық салмақтан арылу – денсаулықты нығайту үшін маңызды әдеттер.

Профилактикалық медициналық тексерулер әр адам үшін маңызды. Жыл сайын медицина қызметкерлері профилактикалық тексеруге жататын адамдарды дәрігер адамдарды шақырады. Бұл тексерулер әсіресе 40-70 жас аралығындағы адамдарды қамтиды. Бұл арқылы артериялық гипертония, жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті сияқты ауруларды ерте анықтауға болады. Профилактикалық тексерулерді тұрақты түрде өту аурудың алдын алады. Диспансерлік есепте тұрған адамдар жыл сайын тексерулерден өтіп, мамандардың кеңесін алу керек. Бұл тексерулерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында өз емхананызда тегін өтуге болады.

Марқай ЗУБИЛӘ,
Астана қаласы
№8 қалалық емхананың кардиологы



АТА, ДҰРЫСТАП БЕРІҢІЗ БАТА

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Елеңмен немесе белгілі ұйқаспен айтылған шымыр сөз, ширақы ойлы сөз өнерінің бұл түрі көбінде дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өміріндегі ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде айтылады. Бұл жөнінде этнограф-фольклоршы ғалым Александр Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда шыққан еңбегінде «Бата – қазақ поэзиясының ерекше түрі, онда бата беруші адамның үй иесіне деген шын жүректі жарып шыққан ықылас-пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзиялық өлең түрінде ақтарылады» деп жазған.

Жауынгер қазақ жауға аттанған ұлына, жекпе-жекке шыққан батырына да аузы дуалы, көпке мәлім ақсақалдарына қол жайып бата берген. Мәселен, қазақ-жоңғар соғысы кезінде Бердәулетұлы Жәнібек жайлы арғы заманнан жеткен мынадай әңгіме бар. Жәнібек туғанда әкесі Бердәулет баласына ат қойғызарда Арғынның шақшақ руынан шыққан қарт Жәнібекті жорықтан келе жатқан жолынан күтіп тұрып, перзентіне ат қойып беруді өтінеді. Сонда бесік көрпені ашып, баланақтай баланы көріп көңілі толған батыр тебіреніп:

– Керей деген елің көп,
Ел айнарлар шешен бол.
Жағаласар жауын көп,
Жауға шапсаң, есер бол!
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол!
Жабылған жауды жапырып,
Шайқасқанда есен бол.
Жауеңе шықсаң желденіп,
Жауыңның басын кесер бол! –
деп бата беріп, «Бесігін көтергенде көңілім толды, өз атымды қойайын, аты Жәнібек болсын! Біреулерге атын атағып боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде алған бетінен тоқтатпа» депті. Сол Жәнібек 18 жасқа толып, күш-қайраты толысқан кезде ел шетіне тағы жау тиеді. Қазақ халқы күш біріктіріп жауға қарсы тұруға тура келеді. Ел ішіндегі ер-азамат біткен жауға аттанғанда бес қаруын сайлаған Жәнібек те нағашысы Қазыбек биден бата алғалы келеді. Бірақ Қазыбек «қанша батыр болса да жауға салма жалғызды» дегендей, Жәнібектің бір әкелен жалғыздығын ескеріп, «Елге берген батамды сенен неге аяйын. Ер азамат етіп өсіріп, ел-жұртыңа қосайын деп едім. Жасыңа жетпей жау тілемге, қарағым!» дейді. Қайрандап қалған атасына ренжіген Жәнібек «Он сегізге келгенше жігіт болып жете алмады дегеніңіз бе? Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалдырғанда, от басын айналған көбелектей көргеніңіз бе?» деп өкпелей сөйлеп, шыға

Бата беру – қазақтың арыдан келе жатқан дәстүрі. Алдына келген асынан тартып, атқа мінген жасына дейін бата беретін қазақ «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Батасыз іс – баянсыз» деп батаның орнын айрықша бағалаған. Үлкеннің батасын алып, ықыласын естуге ерекше мән берген.



жөнеледі. Оның шын ашуын көрген көзі қарақты би: «рұқсат бермесем батасыз кетіп жүрер» деп оны қайта шақыртып алып:

– Қол басқарсаң жолың киелі болсын!
Ел басқарсаң сөзің иелі болсын.
Көк бөрің қолдай берсін! – деп бата береді. Баласының нағашы атасының батасын алып келгенін естіген анасы: Мен саған не айтамын.
Қамырығымды басып, қайғыңды жеп айтамын.
Артымда белгі қалса екен деймін, Қызығыңды көрсетіп, алдында алса екен деймін.
Саған тілек тілесем, әмісе жолы болса екен деймін.
Оқ алдыңнан тисе, анаңның ақ сүтін ақтағаның!
Оқ артыңнан тисе анаңның қарызын жүктегенің!
Әуелі қосынды тап, онан соң досыңды тап, жолың болсын! Бақытың жансын, – деп ықыласын айтыпты.
Батаның маңызын ғана емес, ұлттық болмысымыздан үлкен сыр шертіп тұрған осы әңгімеде қаншама ғұбрат жатыр. Жалғыз ұлына, бір әулеттің тұқым жалғар тұяғына «Оқ алдыңнан тисе, анаңның ақ сүтін ақтағаның! Оқ артыңнан тисе, анаңның қарызын жүктегенің!» деп бата беріп, оқ жау-жүрек қайтпас қас батырдың алдынан тиетінін, қашқан жанның артынан тиетінін ақ тілегімен аңғарту қазақ

әйелдерінің ұрпақ тәрбиесінде қандай ғажайып рөл атқарғанын көрсетіп тұрған жоқ па?!

Батаның маңызылығы – оның рухани күшінде жатыр. Халқымыз батаның адам санасына, тағдырына ерекше әсер ететін үлкен киесі бар деп қарап, бата жасалған жерде жақсылық, ынтымақ, береке болады деп ырымдайды. Сосын да аузы дуалы ақсақалдардан, елге белгілі би-шешендерден, батыр, балуандардан бата алып, менің ұрпағымның бойына да қасиеті дарысын деп баласының аузына түкірткен. Кейде ауынан өткізіп алатын әдет те болған. Баласының атын қойғызып, кіндігін кестірген. Жаңа шаңырақ көтерген жастарға бата алған. Міне, осының бәрі – батаның рухани күшіне сенудің көрінісі. Яғни халқымыздың таным-түсінігі бойынша сөздің де магиялық қасиеті бар, ол сөздің ең кереметі батада деп білген. Әрине, көбінде жақсылыққа айтылғанымен, оның да теріс бата, қарғыс сынды түрлері де бар. Оған лиро-эпостық жырлар мен көркем шығармаларға арқау болған уақиғалар дәлел. Мысалы, «Қыз Жібек» жырında Төлеген әкесінің батасын алмай жолға шыққан немесе оған әкесі теріс бата берген деген ұғымның жатуы да батаның мән-маңызының айрықша екенін аңғартса керек. Демек, қазақ бір істі бастарда немесе бір жұмысқа

кірісерде ақсақалдан бата алуды дәстүрге айналдырған халық. 1991 жылы Н.Назарбаев Президенттікке сайланып, таққа отыру рәсімінде қазақ салты бойынша Шәкір Әбенев ақсақалдан бата алғаны да – сол дәстүрдің жалғасы.

Батаны көбінде көпті көрген қариялар береді. Ер адам отырған жерде әйел бата жасмайды. Себебі қазақ «әйелдің аузында дуа болмайды» деп санайды. Мүмкін бұл әйел затының кейде ойланбай ашу үстінде әрнені айтып қалатынына қатысты болса керек. Сосын да халқымыз «әке қарғысы оқ, шеше қарғысы бөк» дейді.

Әр дәуірдің, әр заманның өзіне лайық батасы бар. Дегенмен, сөзден кие, дәстүрден жүйе қашқан заманда батаның да арқауы босап, мән-маңызы әлсіреп бара жатқандай. Тіпті, оны тілек айтудың бір тәсілі ретінде қарап, жай сөз, жадағай ұғыммен қадірін кетіріп жүргендер де аз емес. Төгілтіп бата беретін, тебіреніп тілек айтатын ақсақалдар да азайып барады. Мықтағаны жаттап алған батасын айтса, көбі қажет кезде біреуге жаздырып алып, соны оқып береді. Бұрынғының шалдарындай термедей топкелеп айтатын, мағыналы бата беретіндер санаулы.

Батаның кереметі – оның көлемінде емес, ішкі нәріңде жатыр. Қазақта бір шумақ батаға бір кітапқа жүк болатын ойды сыйғызып айтатын ақсақалдар да болған. Соның бірі, өзім көзін көрген, уағызын естіген Ғазез Ақығұлы еді. Сол кісінің Алматыға алғаш келгенде дастарқан басында айтқан:

Құдайдың қорықпайтын жүректен сақта,
Қабыл болмайтын тілектен сақта.
Бейнеті көп ғұмырдан сақта,
Пайдасы жоқ ғылымнан сақта, –
деген батасы ел аузында әлі күнге дейін айтылып жүр.

Абайдың әкесі Құнанбай Меккеге бара жатқан екінші сапарында Сыр бойында отырған Қалжан ахуннан (Сыр өңірінде өзінің дербес мешіт-медресесін ашқан ағартушы, ұстаз, шайыр, заңгер Қалжан ахун Бегалина (Сыр өңірінде өзінің дербес мешіт-медресесін ашқан ағартушы, ұстаз, шайыр, заңгер Қалжан ахун Бегалина) бата алғалы бұрылыпты. Сол кездің өзінде математикадан екі кітап жазған, елге танымал тұлғаға айналып үлгерген Қалжан ахунға Құнанбай «Менің сүйегім Меккеде қалса, Пайғамбар жатқан жерде өліп кетсем де арман жоқ деген бата бер»

депті. Біреуге өлім тілеу оңай ма? Бұған дейін ешбір жауаптан қысылмаған ахун Құнанбайдың бұл тілегіне іркіліп қалыпты. Сонда қасында тұрған туған ағасы Бозжан «Батаны кідіртпейді, мен берейін батаны» деп қолын жайып «Ер тілегі болса қалсын, Ел тілегі болса келсін!» деп бата берген екен. Содан елдің тілегі қабыл болып, Құнанбай екінші рет қажылық сапардан аман-есен оралыпты.

Арғы заманнан жеткен батаға қатысты мұндай әңгімелер өте көп. Ал қазір ше?! Біз бір ауыз сөзбен айтқанда батаның бағасын төмендетіп жібердік. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, ақсақалдың бәрі батагөй емес. Жасы үлкен деп бата сұрасаң, екі ауыз сөздің басын қосып айта алмайтын қазақ көп. Арасында «Аумин, жолдастар!» деп бітіретіндер де аз емес. Бұл да батаның маңызына мән бермеудің салдары, ұрпақ алдындағы ақсақалдық жауапкершілікті толық сезінбейді кесірі. Тіпті қалам ұстап, том-том кітап жазған танымал жазушы ақсақалдардың өзі дастарқанға дұрыстап бата бере алмай «ал енді не айтамыз» деп тұтығып тұратынын көргенде іштей ренжисің кейде. Сондай ақсақалдарға жазушы Қойшығара атамызды үлгі ретінде көрсеткім келеді.

Жақында Республика күніне орай «Елорда ақпарат» медиахолдингінің ұйытқы болуымен Астанада әдемі бір іс-шара өтті. Осы басқосудың дастарқанына быыл 85 жасқа келген жазушы, тарихшы, ғалым Қойшығара Салғараұлы былай деп бата берді:

Бауырлар ниет сізден, бата бізден,
Таймаған халық едік ата ізден.
Тілейік жақсылықты Жаратқаннан,
Жан болмас ертеңінен күдер үзген.

Жаратқан халқымызға бәрін берсін –
Салмақты ой, саналы сөз нәрін берсін,
Ұрпақтың кім болмағы өзімізден.
Осы отырған бәрің де тәлімгерсің.

Отбасы, отанымыз аман болсын,
Қиындық халық көрген тәмам болсын.
Ұрпақ үшін кәдімгі қой үстіне –
Бозторғай жұмыртқалар заман болсын.

Ұл өсіп, елге қорған пана болсын,
Қыз өсіп, қойыны құтты ана болсын.
Немере-шөберлер бізден де асып,
Шегінен білім асқан дана болсын.

Береке бірлігі мол келіскеннің,
Басынан бақ ұшады керіскеннің,
Бүгінгі осы жерде берген батам –
Шалынсын құлағына періштенің,
Аллаһуақпар!

Жаңа заманға лайық, дәстүрге сыйымды осындай баталар көп болса, қандай жақсы.

ХАЛЫҚТЫҚ АРДАГЕРЛЕР АНСАМБЛІ

«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, өнер халықтікі ғой. Сондықтан өнерді жанына серік етуге, көңілін әнмен көтеруге әркім де құштар. Бұл, әсіресе, жасың ұлғайған кезде керек екен.

Астана қаласынан бастау алып, жер-жерлерде ашылып жатқан «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары өнерге құштар зейнеткерлердің іште қалып қойған, жас кезінде жүзеге асыра алмаған армандарына қол жеткізгендей. Соның айғағы, ардагерлерден құрылған ансамбльдердің саны жыл сайын артып келеді. Солардың бірі – құрылғанына 15 жыл болған «Елорда» халықтық ардагерлер ансамблі. Жуырда осы ансамбльдің 15 жылдығына арналған есепті концерт болып өтті. Оқушылар сарайына жиналған көпшілік ардагерлердің өнеріне тамсанып тамаша әсерде болды. «Қазақстан – қыран далам» деп басталған концерт патриоттық рухта шырқалып, асқақ жігермен орындалды.

Репертуары сан алуан. Дуэт, трио, попури, терме, түрлі аспаптармен ән салумен қоса

орыс, украин, корей, қырғыз тілдерінде де ән шырқалды. Нартайдың термесін сырнайға қосып құйқылжытқан Есенбек Сәтбаевтың орындауы ерекше әсерге бөледі.

Біз Нартайды көрмедік. Бірақ Нартайдың өзін тыңдағандай тебірендік. Таспаға жазылған Нартайдың орындауынан бір аусашы. Тура өзі дерсің. Дауыс диапазоны шексіз, кең көсіледі. Мұндай әншіні шағын ортада емес, үлкен сахнаға да ұялмай шығаруға болады. Шәмшінің «Сыған серенадасын» шырқаған Мұрат Байбосынұлы әннің қызуқанды характерін аша білді. Сығанша киіндіріп бір қызды билетіп қойса, тіпті қатып кетер еді деп ойлады. Корей халқының кимоносын киіп

шыққан Үміт Дүйсенованы тіпті танымай қалдық. Түрі де, үні де, әні де үйлесіп тұр. Есенбек Сәтбаев пен Ғалия Бегалина орындаған «Дударай» әні көркемділігі мен шынайылығымен сүйсіндірді. «Сұрша қыз» әнін тамылжытқан Ермек Тұрлыбаевқа да көрермендер ықыласы ерекше болды. Сондай-ақ Фарида Алдажанова, Ақын-гүл Әлмұқанқызы, Базарбай Дәлеғұлов, Бибі Қабылашева, Бикен Махмұтова, Злиха Әбеу сияқты әншілердің де сахнаны меңгеріп, ән айтуға төселген жандар екенін айту – парыз.

Жалпы ардагерлермен жұмыс істеуде төзімділік, тіл табыса білу, мәдениеттілік пен шеберлікті қатар қолданып, бірде баса айттып, бірде бәсең сөйлеп әртүрлі амал-тәсіл қолданып отыруды қажет етеді. Бұл тұрғыда, осы талаптардың бәрине сай көркем мінезді, сабырмен



жүріп көп іс тындыратын Жекен Молдағалиұлының іскерлігіне тәнті боласың. Әрине, ансамбльдің көркемдік жетекшісі Үміт Әлібекқызының мамандығы медицина саласы болса да, ансамбльді ұйымдастыра біліп, ұйытып ұстауы, әркімнің мінез-құлқын ескере отырып моральдық психологиялық ахуалды қалыптастырып, таразы басын тең ұстай білуі үлкен еңбектің жемісі екені анық.

Соның нәтижесінде ансамбль көп ескен. Шығармашылық ізденіс, орындаушылық шеберлік, сахна мәдениеті деген талап арға жауапкершілікті сезіну байқалады. Бұл басты талап саналады.

Дейтұрсақ та, өнер әрқашан қамқорлыққа, қолдауға зәру. Оған «Елорда» ансамблі зәру емес екен. Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин мырза әрқа-

шан моральдық, материалдық тұрғыда қолдау жасап, сахналық костюмдерді жаңарту, концерт қоятын лайықты сахна тауып беруге белсене кірісіп, өнерге жанашырлық көрсетуге. Марат Керімұлының азаматтығына ризашылық пен әрі қызыға қараймыз. Ансамбль деңгейін көтеру арқылы аудан мәдениетінің деңгейін көтеруге үлес қосып отыр.

Зейнеткер деген мәртебеміз бар, бір салада қатар жүріп жастарға үлгі, қатарластарымызға өнеге болып, белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шапағатын сезініп отырғандықтан, әріптестеріміздің жетістігіне қуанып, өсер елдің қазыналы қариясы болайық деген ниетте жазған шынайы дос көңілімді қабыл алыңыздар, ардагер әріптестер!

Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі

Жарық көру тарихы тым тереңде жатқан басылым 1924 жылы Түркістан Республикасы Орталық Атқару комитетінің органы ретінде шығып, бір ғасыр бойы көптеген қазақ зиялыларын тәрбиелеген мәртебесі биік мектепке айналды. Міне, назар салыңыз. Газеттің алғашқы жауапты редакторы Сұлтанбек Қожановтан бастап, ұлт қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Міржақып Дулатов, Қошқе Кемеңгерұлы қолдап, қуаттаған осы басылым кейінірек заман екпініне қарай «Еңбекші қазақ», «Ленин жолы» атанды. Рас, қазақ еңбеккер болатын. Бірақ, Ленин жолы қазақты адастырып кетті.

1925 жылы Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда қаласына көшіріледі. Ал Қызылорда уезі ол кезде Сырдария губерниясына қарайтын. Осыған байланысты «Ақ жол» газеті Қызылорда қаласынан шыға бастаған «Еңбекші Қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетімен қосылды. 1929 жылы астана Алматы қаласына көшірілгеннен кейін Сырдария округтік партия комитеті мен атқару комитетінің органы ретінде «Ленин жолы» деген атпен газет өз алдына бөлек отау тікті. Кейін округтер таратылып, аудандар тікелей республика орталығына қарағанда «Ленин жолы» газеті Шымкент аудандық партия комитетінің және аудандық кәсіподақ бюросының органы ретінде шығып тұрды. 1932 жылдың көктемін-

ҚАЗАҒЫ КӨП ӨҢІРДІҢ КӨЗАЙЫМЫ

Өңір баспасөзінің қара шаңырағы – «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бастауына көз жүгіртсеңіз, Алаштың айбарлы ұлдары алдыңыздан шыға келгендей күй кешесіз. Сол айбарлы да айдарлы аталар алдарына үлкен мұрат қойып, ұлт газетіне «Ақ жол» деген ат беріпті. Жолымыз ақ болсын деген тілекпен шыға бастаған басылым өткен жолдарында байыпты тақырыптарды қозғай отырып, жылдар мен кезеңдердің сүзгілерінен сүрінбей өтіп, ғасыр жасады.

де республикада қайтадан облыстар құрылды. Осыдан кейін «Ленин жолы» газетінің негізінде «Оңтүстік Қазақстан» газеті шыға бастады.

Осы газеттер алғашында Ташкент шаһарының, содан кейін Қызылорда қаласының баспаханаларында басылып, оқырмандарына жеткізіліп келді. Атаулары ауысқанымен бұл газеттердің қай-қайсысы болсын халық жағында болып, олардың мұңын мұңдады, жоқтарын жоқтады. Қазақта мұң да, зар да жеткілікті еді. Солардың сөзін сөйлеймін деген редакторлардың көшілігінің «халық жауы» атанып, айдалып, атылып кеткенін біреу білсе, біреу білмейді.

Тарих таңбасын арада қаншама ғасырлар өтсе де балталап өшіре алмайсыз. Кезінде қаһарынан қан тамып тұрған Сталиннің өзі жаптырып тастаған газеттің алғашқы сандары Ташкент, Мәскеу архивтерінен та-

былып жатыр. Үгітілуге шақ қалған сол газеттерден Мағжанның, Лиястың өлеңдерін табуға болады. Сондай-ақ Сұлтанбек Қожановтың өткір мәселелер көтерген мақалаларын кездестіресіз.

Қоғам үнемі қозғалыста болады. 1932 жылы республикада бірнеше облыстар құрылады да, өңірлер бойынша жаңа газеттер шыға бастайды. Бірақ, бұрыннан «Ленин жолы» болып шығып келе жатқан газет шығуын тоқтатқан жоқ. Оның ендігі атауы – «Оңтүстік Қазақстан» еді. Расында, республикамыздың оңтүстік бөлігіне бұл атау қонымды да қисынды еді. Сол жылы газетке Ордабасы ауданының тумасы, әдебиетші-ғалым Бейсенбай Кенжебаев редактор болып тағайындалған екен.

Газет – қай уақыттан да халықтың көзі, құлағы және тілі. Облыс айнасына айналған

«Оңтүстік Қазақстан» газеті шын мәнінде өңірдің қоғамдық-саяси істеріндегі насихатшысына айналды. Билік пен халық арасындағы алтын көпірге міндетін бұлжытпай орындады.

Оңтүстік журналистерінің қасиетті қарашаңырағы қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сара саясатын елге кеңінен түсіндіріп, билік пен халық арасындағы байланысты дәстүрлі жалғастырып келеді. Қазақтың тілін, дінін, ділін сақтау, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, барымызды бағалау, жоғымызды түгелдеу жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан ғасыр жасаған байырғы басылым басты бағытынан еш жаңылып көрмеген, жаңылмайды да.

Ғасырмен құрдас басылым бүгінде 38000-40000 таралыммен оқырмандарға уақыттылы тиіп тұрады. Кешегі іріңді індет-коронавирус тұсында оқыр-



мандарымызбен байланыс біршама алшақтап қалғандай еді. Қазір сол үзілген жіп қайта қалпына келді. Оқырмандар саны жылдан жылға артып келеді. Сол жарасымды жалғастық арқасында алпыс жылдан бері «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жүлдесі үшін қазақша күрестен республикалық турнир өтіп келеді. Сонымен қатар, оқушылар арасында «Жақсылар, дастан айтайық» атты эпостық жыр жаттаудан сайыс өткізу дәстүрге айналды. Түркістан қаласының облыс орталығына айналғанына 1 жне 5 жыл толуына орай жыр мұшәйрасы өтті. Өңіріміздегі талантты өрендерді тауып, қолдау мақ-

сатында жыл сайын проза, поэзия жанрлары бойынша бәйге ұйымдастырылады.

Қазір де редакцияда алдыңғы буын аталары мен ағаларының жолын жалғап келе жатқан журналистер жұмыс істейді.

Түптеп келгенде, шаңырағын Алаш тұлғалары шаншыған басылым елге қызмет ету жолында аянбай күресіп келеді. Редакцияның бүгінгі ұжымы қазақтың көсегесі көгере берсін деген ниеттің үстіңде жемісті жолдарын жалғай бермек.

Абай БАЛАЖАН,
«Оңтүстік Қазақстан»
қоғамдық-саяси газетінің бас редактор-директоры

ЭССЕ

Әлгіндей қызметтік көп таңдаудың бір соқпағы жас маманды Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне алып келді. Ысылу, қалыптасу, тамырлану кезеңдерін сәтті өткерді. Жалындап жазғандары жалықтырмай оқылады. Талант тас жармай қоя ма? Алматыдағы «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш» газеті) басшылығы оны 1966 жылы Қостанай облысына өзінің тілшісі етіп жіберді. Қуанып кетті. Жүрегі лүп-лүп етті. Қостанайдан әрмен оңтүстік бойлықта, 500 шақырымдай жерде өзінің кіндік қаны тамған кәрі Торғайы қол бұлғар еді.

Жас тілшіге сырт көз қызықпаш, таңырқағыш келеді екен. Оның жыбыр-жыбыр жүрісінің өзіне құмартып қарайды. Бір досының Байтұрсынның бет-әлпетін Шолоховқа теліп қоюының да қисыны бар секілді. Бойы да бәкене, шымыр асықтай үйіріле қалады.

Ал ерегесе қалса, оны оңайлықпен жібіту зордың зоры. Облыстық бір алқалы жиында ана тілінің тағдыры талқыға түсті. Партияның қаһарлы кезі-тін. Идеолог-хатшы көпе-көрінеу өгейсітіліп жүрген тілді жұмаққа кіргізіп-ақ қойғаны.

Манадан бері танауы псылдап, көзі ойнақшып, өз-өзінен түшкіріп, мазасы кете бастаған Байтұрсын орнынан тұрып, хатшыға қазақша шүйлікті:

– Ана тілінің болашағымен бұлай ойнауға болмайды! – деді дүр сілкініп.

Зал іші жай түскендей, зіл-мауырланып кетті. Әне, найзағай шарт етті:

– Сіз кімсіз? Қызмет орныңыз?

– «Лениншіл жастың» тілшісімін!

– Қазірден бастап қызметіңізбен қоштаса беріңіз! – деді хатшы ханым оқтау жұтқандай ызбарланып.

Байтұрсын бөгелмеді. Залдағы орыстардың, ана тілінен жұрдай қазақтардың бөгетесін жарғандай етіп, айтар ойын жаңғақша шақты. Қазақша көсіліп тұр. Идеолог-хатшының ана тіліне құрметін бір ауыз қазақша қайырмағанынан сеземіз-ау дегендей, өткір қыжылын аңғартқанда, бишікеш жетесіне бұл сөз енді жеткендей,

БАЙТҰРСЫН БАЙ ТҰРДЫ

Алматыдағы бес жыл журналистік оқудан бойдақ оралғалы тұрған Байтұрсынға қызметтік таңдау алдынан жамырап қоя бергенін қайтерсің. Өзі аң-таң. Неңдей қадірі асыпты? Аңдығаны, кітапханалардың ашылуы еді. Бір жолы, жабылар тұсында бәкене бойлы ол көзге түсіңкіремей, оқу залында түнеп қала жаздаған. Әбіш, Рымғали, Қоғабайлар да кітап «кеміргіштердің» сойынан еді, оның мына жанкештілігіне қайран қалысатын. Бойдақтық қолмен диплом ұстады.

тер қысып, бусанып, доланды дейсің...

Тіл үшін күрескеннің жағы сынбайды екен. Байтұрсын бедел жинады. Ана тілі ептеп болса да қызметтік іске кіріге бастады. Есесіне, анау хатшы әйелді тілдің киесі ұрды. Қызметі оңбай, лауазымынан омақаса құлады. Тілшіні қызметтен кетірен деп өңмендеп жүріп, өзі қазған орға өзі құлап тынды.

Бәрі Гафанның бір ауыз сөзінен тарқатылып жатқандай екен. Сол кездесуде ауыздығымен алысып, ағындап тұрып: «Мына Байтұрсын өзінің атына сай бай тұрады. Әй, шыққыр көздерің шықпағыр, қыздар-ау, қайда қарап жүрсіндер? Бай жігітті бойдақтықтан құтқарсаңдаршы!» деп атойлап жіберген. Сол-ақ екен «құтқарушылар» қаптады кеп. Еденге газет төсеп жата кететін жігіттің бір шәйнегі, бір-екі кесесі және сонша рөмкесі бар екенін көргендер көздері басырланып, бақша ететін. Тек, тұрақтап қалған біреуі ғана болды. Есімі – Гүлнәр! Оны өзі қолқалап ертіп әкелген-тін.

– Міне, біз бай тұрамыз! – деді есіктен Гүлнәрді қақпақылдап, демеп кіргізген Байтұрсын.

– Өте бай екенсің! – деді қыз жымпып.

Осы Гүлнәрмен отыз бес жыл отасты. Саттар мен Мұхтардан немерелер сүйді. Реті кеп тұрса да үйді де көп өзгертеді. Міне, мынау төрт бөлмелі пәтер. Бөлкім, шуақты шаңырағының өзіне тиесілі соңғы бекеті де осы шығар?

Сықпаған «СҚ»-ға («Социалистік Қазақстан» газеті) 1972 жылы Қостанай облысы бойынша меншікті тілші болып қабыданғанда, Байтұрсын отыз жыл жаста еді. Оның мінезі, болмыс-бітімі «СҚ» үшін жаратылғандай көрінетін. Біртоға. Ішінде не өліп жатқанын білу қиын. Жақсы мақала жазып,



шыққанын көргенде ғана, біреулер разылық таныға қалса, сәл кеңкілдеп күліп алады. Болды. Арғысы – тұңғық! Сырлы әлем, жұмбақ әлем...

Тәуелсіздіктің нұр-шуағымен «СҚ»-ның тоңы жібіп «Егемен» («Егемен Қазақстан» газеті) аталып, елдік мүдде алғы кезекке батып қойылған тұста Байтұрсын Лияс нағыз шабытты шағына енген еді. Бұрынғы амалсыз бұйығылық буырқанған күйге ұласты. Жүрегің тырналаған жер, тіл, діл, рух, ұлттық намыс мәселелері қаламына кедергісіз ілініп, күрмеуі шешімін тауып жатты. Нәтижесі іле көрінбесе де, қопара жанып, елге құлағдар етуді асыл парызым деп пайымдады. Осы күрескерлігімен көп ұтысқа шыққанын елі біліп, бағалап жүр, бүгінде.

Жерді сату, меншіктеу туралы отқа май құйыла бастағанда, Байтұрсын сол кездегі облыс әкімі Әмірзақ Шөкеевпен ұзақ сырласып, «Егеменге» түйінді ойларымен шықты. Мұндай жедеғабылдық жер тағдырына

қатысты атүсті шешім қабылдаудан сақтандырған. Сол себепті де болар ұлтжанды Өменкең: «Байтұрсын менің қоғамдық кеңесім секілді еді» деп әркез разылықпен айтып жүретін. Тілшіге бұдан артық құрмет болар ма?

Ал тың және тыңайған жер мәселесіне келгенде ол тәуелсіздік жылдары жақ ашпай қойды. Ашқысы кеп жүрген... Зерттеп, қапысыз дайындықпен, соны дерекпен тосын түрен салмақшы еді-ау. Бұрынғы жазғандарында ұлттық тұрғыдан бетті басатын «өтпеген-айлары» бар екендігіне бертіңде мойын ұсынатын. «Тыңның бергені, көркейткені, түленткені, бір тілмен түрленткені, жалпы жарылқағаны, т.б. «жасампаздықтары» тун ішінде бүйрегімді бүретін болды» деп күнделігіне тұртіп қойыпты.

Тұлғалар бір-біріне жана-сып жүретіндей қасиетпен сұарылғандай. Мұның жарқын мысалын сол Қостанайдың намысын жыртып, абыройын асақатқан ұлттың қос жана-

шыры ректор Зұлқарнай Алдамжарұлы мен жазушы-журналист Байтұрсын Лияс қолтықтаса жүріп көрсеткен еді. Екеуара ұзақ пікірлесіп, сырласатын.

– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұоқа ескерткіш орнатып, есімін өзіңіз басқаратын университетке алып бердіңіз, – деп Байтұрсын Зекеңе қарата бір үлкен өңгімені бастайтын сынай танытты. – Бір ұсынысым бар еді, Зеке!

Ректорға айтқан сол ұсынысының нәтижесінде «Алтын бесік» атты тамаша тарихи-шежірлік кітап туды. Бұл туынды ахметтануға қосылған сүбелі үлес ретінде бағаланды. Тереңірек қаузайтүссе, романға ұласатын түрі бар. Осыны ойлағанда Байтұрсын жүрегі атқыланып кетеді... Сөреден өзінің «Оралу» атты жыр жинағын алып, беттерін шыдамсыздана парақтай бастады.

...Осы жұпыны төрт бөлмелі пәтері соңғы тұрағы болып қалатын-ақ шығар. Ондаған жылдарға созылған сусамыр сырқаты дәрмен-күшін кеміріп жатқандай. Жүдеп-жадап, әлсізденіп, боркеміктеніп барады. Университеттегі «Егемен Қазақстан» атты дәрісін (осы газеттің лабораториясын ашуды мұрат еткен) әрең-мәрең, сүйретіліп оқып жүр. Баяғыда ұлы Әуезовтен дәріс тыңдаған балалық жүрек, қатайған шағында қаншалықты бұлқынғанымен дәрменсіз, әлденеге ділгір... Үйге салдырап қайтады. Қажып қалған. Зейнеткерлікке шаққан бір жыл бедерінде қатты беріліп, жан құмарынан шығып жүргені – осы оқытушылық пен бала жастан бауыр басқан өлең құдіретіне табына түсу. Жүрегі жырлаудан тынбайды.

– Біздің күйі осы, – деді Бәкең мойып. Беті-жүзі оңған, жағы суалған.

Сөзінің арғы жағында өзге

де өкініш, әлдене қыжыл жатқаны сезіледі.

– Торғайлығым! – деді бір кезде Бәкең әлсіздіктен жұмыла түскен қабағын әзер қимылдатып ашып. – Сен шалғайда жүрсен де менің мына өмірде құдай ұрып, шалыс басқандымы естіп-білген шығарсың. Пендеміз ғой. Бір сары уызды лауазым жағынан сүйемелдеймін деп, опынып қалдым. Қас-жауларым көбейді. Солай болуы заңды екен... Кешегі дос-жарандарым ат-тондарын ала қашысты... Маған қатысты орынды-орынсыз ғайбат мақалалар қардай борды. Өзімен сөйтіп түңілдім! Өмірдегі жалғыз қателігім осы болды... Қадр мәселесіне бекер араласыппын, әбден жүнжіп біттім... Бірақ басты бақытым – өмірдегі табанды жеңісім жазу болды! Соған тәуба!

«Осы Бәкең не деп кетті?» деп абыржыды көңіл сұрай келген азамат. Баршасын түгендеп айтпаса да достары Әбішті заңғардың мерейтойын шашбаулаған, Рымғалидай ғұламаға әкесінен қалған күміс шақшасын «Абай – 125» тойында сыйлаған, балалықтың іңкәрі Қоғабайдай алаш арысына мәңгілік махаббатын арнаған осынау журналистиканың жауыр тоырысы, ақындық әлемі өзгеше сыршыл, ғалымдық тегеуріні мықты, жазушылығы жан жадырататын елдік тұлға ешқашан аласармауы тиіс еді ғой... Әлде, пенделер арыздасар алдындағы аласару арқылы биіктеп кете ме екен? Солай шығар, бәлкім? Бақилық болған соң шыққан «Патша көңіл» атты екінші жыр жинағы, университеттегі бір стипендияның өз есімімен аталатыны, т.б. есте қаларлық елеулі оқиғалар Байтұрсынды ұмыттырмасы кәдік қой!..

«Саған арнап жыр жазуға толғандым, толғандым да, қаламымды қолға алдым. Сайрап тұрған Ұлы қазақ тілінен, Саған лайық сөз таба алмай, қорландым!» деп бәйек болған өзінің бал махаббаты Гүлнәріне: «Сен, әкеден жалғызсың ғой! Қасына барып жантаарсың!» депті соңғы демі үзілерде өсиеттеп.

...Солдай болыпты да. Байтұрсын қалада, Гүлнәрдалада мәңгілік тыныстап жатыр!

Қайсар ӘЛІМ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері



КӨКШЕНІҢ ГӘККУЛЕТКЕН ӘНШІ ҚЫЗЫ

ҚАПАШ ҚҰЛЫШЕВА – 75 ЖАСТА

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Қапаш Қабыкеноқызы Құлышева биыл қос мерейтойын атап өтуде: әнші мерейлі 75 жасқа толса, сахнада өрелі өнер көрсетіп жүргеніне 55 жыл.

Қапаштың өнермен ұштасқан өмірі балалық балғын шағынан бастау алған. Кербез сұлу Көкшенің әсем табиғаты: нулы орманы мен мөлдір көлі, асқақ тауы мен жазық даласы – осының бәрі жасөспірім қызға ерекше әсер етіп, тырнақтай кезінен өнерге баулиды. Есін білгеннен бері өнге құштар бүлдіршін қайда болмасын қалың қарағайлы орманда, тасты тауларда, көгілдір көл жағасында, думанды тойларда, құрбы-құрдас достарының арасында барлық жерде асқақтаған ән салатын. Сондағы сүйіп айтатын өлеңдері қазақтың халық әндері «Бір бала», «Еркем-ай», «Елім-ай», Абайдың әні «Айттым сәлем, қаламқас» жұртшылыққа кеңінен танымал Мәриям Жагорқызының «Дударайы», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», «Көкшетау» әндері еді.

Тұңғышының өнерге әуестігін байқаған Қабыкен ағай баласын елге кеңінен танымал күйші, композитор, әнші Мұса Асайыновқа оқуға береді. Алғаш рет қолына домбыра ұстатқан өнердегі ұстазы Мұса Ағайы аты аңызға айналған үкілі Ыбырай Сандыбайұлының туған немересі еді. Осыған орай, ұстазынан үйренген бір әннің тарихына тоқтауға кетейік. Үкілі Ыбырай қартайған шағында «Қалдырған» атты әнін шығарады. Бұл әннің шығу тарихы да ерекше. Ыбырай түсінде аян көреді. Бір сұлу келіншек керемет әуезді ән салып, өзіне қарай жақындай бергенде, кенеттен оянып кетіп, көзін ашса, әлгі ән көкірегінде сайрап тұр. Міне, сол әнді бүгіндері Қапаш Құлышева ерекше сезіммен, нақышына келтіріп орындап жүр.

Шәкіртінің келешегіне үміт артқан ұстазы Қапашқа қайнаған өнер ортасы – Алматыға барып, өнерін шыңдауға кеңес береді. Сөйтіп, өнер жолын қуған қаршадай қыз небәрі 16 жасында ел астанасы Алматыға жол тартады. Өткен ғасырдың 60-жылдары «Гүлдер» эстрадалық-цирк студиясының атағы жер жарып, дүрілдеп тұрған кезі болатын. Қапаш бағы жанып, әр өнерпаздың арманына айналған студияға оқуға түседі, оған қоса ұстазы да мықты еді, Қазақстанның халық әртісі, ерекше дарын иесі, көрерменнің сүйіктісіне айналған дара тұлға, қайталанбас әнші Ғарифолла Құрманғалиев болатын. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» дегендей, өнерімен дараланған әнші қыз «Гүлдер» ансамбліне қызметке қабылданды. Қапаш Қабыкеноқызы «Гүлдер» ансамблінде жеке солист

бола жүріп, осы ұжымда табаны күректей 44 жыл еңбектенеді. Сол уақыттан бастап өнерге құлашын кең жайған талантты қыз қазақтың дәстүрлі ән өнеріне бүкіл саналы ғұмырына арнайды. Қазіргі күні әншінің репертуарында 170-ке жуық ән бар десеңсі.

Қапаштың тек өзіне ғана тән әдемі, әуезді дауысы көрерменін ау баста таңқалдырды, тамсандырды, уақыт өте сүйсіндірді, баурап алды, тіпті жаулап алды десек те артық болмас. Халқының аяулысына айналған әншінің қолдаушысы да, қоллаш таушысы да қарапайым көрермендері болды. «Батамен ер көгерді, жаңбырмен жер көгерді» демей ме қазақ халқы. Менің өнеріме баға беруші халқым – қалың елім, мені өсірген киелі сахна мен үлкендердің батасы» деп толғанады бүгінде қазақтың біртуар әнші қызы Қапаш Қабыкеноқызы Құлышева.

Әр әртіске киелі саналатын сахнада 55 жыл өнер көрсетіп келе жатқан Қапаш Қабыкеноқызы – қазіргі уақытта Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры. Тәжірибелі әнші сахнада орындаған әндерін кейінгі ұрпаққа мирас ету мақсатында бірнеше дискография мен фильмографиялар жинақтарын жасақтаған, жас ұстаздарға көмек ретінде әдістемелік оқу құралдарын дайындаған. Өзінің жиған-терген тәжірибесін жас буын өнерпаздарға үйретуден

әсте жалықпайды. «Ат тұяғын тай басады» деген нақылды халқымыз бекер айтпаған болар. Ұстазы салған дара жолмен келе жатқан дарынды шәкірттері де бар: Мирас Есенов, Әзім Ескенов, Айзия Өтебали, Баян Жүнісова – додалы конкурстарға қатысып, алдарына жан салмай, жеңімпаз атанып жүрген жас өрендер. Қазақ өнерін өрлеткен әртіс әрі ұлағатты ұстаз Қапаш Қабыкеноқызы Құлышеваның еңбегі лайықты бағаланып, биыл «Құрмет» орденін еліміздің Президенті

“

Қазақ өнерін өркендетуге айтарлықтай үлесін қосып жүрген әнші Қапаш Құлышеваның әлі де берері мол. Тұғырынан таймаған дара тұлға қазіргі күні тәжірибелі, білікті ұстаз, әдістемелік-оқу құралдарының авторы, өзіндік әдістемесі қалыптасқан педагогика саласының жетекші маманы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан алды.

Бірақ дарын иесінің шығармашылық өмірінде «әттеген-ай» дейтін шақтары да аз емес. Қапаш Құлышеваға атақтар мен марапаттар оңайлықпен келген жоқ. Осыдан 5 жыл бұрын берген сұхбатында «ҚР еңбек сіңірген әртісі» атағына 8 рет ұсынылып, әрқашан тізімнен сызылып отырғанын айтып еді. Дауысы десеңіз, қандай әуезді, ерекше сопрано дауыс! Репертуар десеңіз, кеңінен танымал қазақ әндерінен бастап, әннің шыңын бағындырған Абайдың, Үкілі Ыбырайдың, Мұхиттің, Сәкеннің, Ғарифолла Құрманғалиевтің, сонымен қатар атақты Қазақстан композиторларының әндерін нақышына келтіріп орындап жүрген күміс көмей әнші!

Ақыры бұл атақты Қапаш Қабыкеноқызы 1979 жылы ғана алады. Бұған шешуші себеп болған оқиға – 1978 жылы Куба Республикасының астанасы Гавана қаласында өткен XI Халықаралық жастар мен студенттердің өнер фестивалі еді. Қазақстанның басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев басқарған делегация құрамында Қапаш Құлышева да болады. Қапаштың салған әніне сүйсінген Кубаның жетекшісі Фидель Кастро әншінің қолын сүйіп, таңқалысын жасырмай, шын ықыласын білдіреді. Қазақстанның басшысы да марқайып, өнерлі қызға дән риза болады. Енді теріс шешім шығаруға ешқандай себеп таппаған шеңуліктер Құлышеваға тиесілі атағын береді. Бұл осындай бұлтартпас айғақпен, көп жылдық сергелдемен келген атақ еді!

Қазақ өнерін өркендетуге айтарлықтай үлесін қосып жүрген әнші Қапаш Құлышеваның әлі де берері мол. Тұғырынан таймаған дара тұлға қазіргі күні тәжірибелі, білікті ұстаз, әдістемелік-оқу құралдарының авторы, өзіндік әдістемесі қалыптасқан педагогика саласының жетекші маманы. Қадірменді өнерсүйер қауымға сүйіншілеу хабарымыз бар: көмейіне бұлбұл қонған әнші атанған Қапаш Құлышеваның қос мерейтойына арналған концертті биылғы жылдың 29-қарашасында елорда филармониясының «Астана» концерт залында өтеді деп жоспарлануда. Біз, көрермендері, халықтың көзайымына айналған сүйікті әншіміздің концертін тағатсыздана күтудеміз.

Гүлнаш БЕРЖАНОВА,
ҚР білім саласының құрметті қызметкері,
К.Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университетінің ұстазы

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 39-бабына сәйкес, коммерциялық емес ұйымдардың мемлекеттік мекемелерді, аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесті қоспағанда, жоғарғы басқару органы болып, коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген сұрақтары бойынша шешімдер қабылдауға құқылы - жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы, қамқоршылық кеңес табылады. Қызметін тарату туралы шешімді қабылдау коммерциялық емес ұйымның жоғарғы басқару органының ерекше құзыретіне жатады.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

Заңды тұлғаларды ерікті түрде тарату тәртібі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабымен көзделген.

Бұл тіркеу процедурасы үшін қажетті құжаттар тізімі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабымен реттелген, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы үкімет өтініші; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органының не бұған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі; заңды тұлға қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші қажетті құжаттарымен қоса берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді, ол туралы бұйрық шығарады.

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Тіркеу процедуралары бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, Астана қаласының Әділет департаментіне 8-7172-32-37-78 телефон нөмірі арқылы хабарласуыңызға болады.

Егер құжаттарды тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган заңды тұлға қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші қажетті құжаттарымен қоса берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді, ол туралы бұйрық шығарады.

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Тіркеу процедуралары бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, Астана қаласының Әділет департаментіне 8-7172-32-37-78 телефон нөмірі арқылы хабарласуыңызға болады.

Шолпан МЫРЗАБАЕВА,
Астана қаласы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

ҚАРЫЗДАН ҚАШЫП ҚҰТЫЛМАДЫ

Биыл елордада қарызын төлемеген 389 борышкер жауапқа тартылды.

Астана қаласының Әділет департаменті басшысының орынбасары Азамат Айнабеков қалалық Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мемлекет пайдасына қарыздарды өндіріп алу және борышкерлерді жауапкершілікке тарту жөніндегі жұмыс туралы айтып берді.

2024 жылы ведомство 151 миллиард теңгеден астам сомаға 962 атқарушылық іс қозғады. Оның ішінде 528 іс сотті аяқталды, ал 308 атқару құжаттары бойынша қарыздар жалпы сомасы 43,8 миллиард теңгеге толық өндірілді. «Қазіргі уақытта сот орындаушыларының іс жүргізуінде 33,7 миллиард теңге сомасына 438 іс бар. Оның ішінде 132 іс борышкерлердің жалақысынан ай сайынғы берешекті

ұстап қалу сатысында тұр. 38 жағдайда борышкерлерді іздеуге жариялау салдарынан орындау тоқтатылды. Атқарушылық құжаттардың орындалмауы Қазақстан Республикасының заңнамасын елеулі бұзу ретінде қарастырылады, бұл әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін» деп атап өтті Азамат Айнабеков.

Мәселен, осы жылдың басынан бастап 408 әкімшілік хаттама жасалды, оның ішінде 389 борышкер жауапқа тартылды. Ең жиі қолданылатын санкцияларға 345 борышкерге әсер еткен 5-тен 40 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) дейінгі айыппұлдар, сондай-ақ 44 борышкерге қолданылған 2-ден 5 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алу кіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНІЕТ ЖӘНЕ АДАЛҒАТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ

ӘН-ҒҰМЫР

Сахнада 55 жыл

ҚР еңбек сіңірген әртісі,
«Құрмет» орденінің иегері, профессор

Қапаш Құлыштың шығармашылық КОНЦЕРТІ

Концертке қатысатындар:
ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының иегері Қайрат БАЙБОСЫНОВ
ҚР еңбек сіңірген қайраткері Алмас АЙМӨТОВ
ҚР еңбек сіңірген әртісі Самбек ЖИМАҒАЛИЕВ
ҚР Мәдениет қайраткері Азамдық КӨМЕЖҰЛЫ
Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «ГҮЛДЕР» ансамблі
Бас балетмейстері - Анарар САДЫКОВА
Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Камералық хоры
Көркемдік жетекшісі және бас дирижоры - ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира ҚҰТТЫБАДАМОВА
Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «ҚОРҚЫТ» этно ансамблі
Көркемдік жетекшісі - Мәдениет қайраткері Шолпан ҚОРҒАНБЕК және Қапаш Құлыштың шәкірттері

29.11.2024 | 19:00 | ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ (Кенесары К-сі, 32) +7 (7172) 752383 +7 (7172) 3278262

№142 (4730) 28/11/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

2 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «Кім мықты»
6:02 «Q-елі»
6:30 Сөздің қысқасы.



06.00 «Лакшми» телехикаясы
06.50 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы



6:00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
7:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
8:05 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
9:05 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ»



06:00 Әзіл студия
06:40 Ризамын
07:10 Time Vine
07:30 TikTok show



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Сөздің қысқасы.



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

3 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАНШОЛПАН».
10:10 «САБАЗ БЕН СҮЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.



5:00 «КІМ МЫҚТЫ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӨМІР ҒАЖАП»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»



06.00 «Лакшми» телехикаясы
06.50 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы



6:00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
7:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
06:30 Time Vine
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Жұлдызды шаңырақта
7:00 «Саясаткер» Бағдарлама



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СӘРСЕНБІ

4 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН».



5:00 «КІМ МЫҚТЫ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӨМІР ҒАЖАП»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»



06.00 «ЛАКШМИ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06.50 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09.00 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА»
7:00 «KÖREMİZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»




7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:30 «НАМЫС», ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 TIME VINE
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Жұлдызды шаңырақта
7:00 «Жетінші студия».



2:00 «Келесі кім?» Бағдарлама
2:55 «Жеңіп көр». Бағдарлама
3:45 «Япырай»
4:30 «Қуырдақ»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

5 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАНШОЛПАН».
10:10 «САБАЗ БЕН СҮЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.

5:00 «Бақыттың кілті»
6:00 «Хит жазамыз»
7:00 «Оян!»
10:00 Телехикая. «Өмір ғажап»

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДА ТУРНИР ӨТТІ

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Алматы ауданы бойынша филиалында үстел теннисінен зейнеткерлер арасында турнир өтті. Аталмыш турнир Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен аталған орталықтың бастамасымен ұйымдастырылды.

Жалпы Алматы ауданы бойынша үстел теннисі үйірмесіне 30-дан аса зейнеткер тұрақты түрде қатысады. Турнирдің негізгі мақсаты – зейнеткерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік байланыстар мен достық қарым-қатынастарды нығайту, егде жастағы

адамдардың физикалық белсенділігін арттыру, денсаулығын жақсарту. Спорт додасында 15-ке жуық белсенді зейнеткер қатысты. Ең жасы үлкен қатысушы 70 жаста болды. Екі жарым сағатқа созылған турнирде ерлер арасында 1-орынды Құсайын Юсупов иеленсе,

әйелдер арасында Рахима Ахметова жеңімпаз атанды. Екінші-үшінші орындарды Сарнияз Ибрашев, Бейсенбек Баймағұлов, Мағиша Ахметова мен Нұрыш Жансейітова өзара бөлісті. Барлық жеңімпаздар мадақ қағаздарымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.





АЛАШ АМАНАТЫ ЖӘНЕ МІРЖАҚЫП ТҰЛҒАСЫ

Астанадағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда Алаш арысы Міржақып Дулатұлының туған күніне орай «Алаш – ұлтты оятқан рухты сөз» рухани іс-шарасы өтті. Аталмыш орта білім беру орны, «Ә.Бөкейхан. Алаш» ҒЗИ, Qyr balasy ҚҚ бірлесіп ұйымдастырған іс-шараға Астана қаласы Әдістемелік орталығы қолдау көрсетті.

Іс-шара аясында Qyr balasy қоғамдық қоры кітаптарының тұсауы кесілді. Атап айтқанда, «Алаш кітапханасы» сериясы бойынша Нұғыман Манай, Ғазымбек Бірімжанның шығармалар жинағы, «Жетісудағы Алаш тарихы: Жаркент іздері», «Қаныш Сәтбаев феномені» зерттеу еңбектері, «Ұлтты оятқан ұлы сөз» сериясы бойынша Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай сынды Алаш зиялыларының нақыл сөздері кітапша түрінде шығып, таныстырылды.

Әдеби жиынға Қайсар Әлім, Айгүл Исмақова, Ербол Тілешов,

Марат Әбсемет, Сұлтанхан Аққұлы, Шолпан Тілепина, Сағымбай Жұмағұл, Алмас Жұмағали, Қайырбек Кемеңгер, Алма Сайлауқызы, т.б. алаштанушы-ғалымдар мен Роза Бақтығалиқызы, Ризабек Кемеңгер, Камлет Баяхметұлы және басқа да Алаш зиялыларының ұрпақтары, «Міржақып. Оян, қазақ» фильмінде Алаш қайраткерінің бейнесін сомдаған актер Бақыт Хаджибаев арнайы қатысты. Астанадағы 20-дан астам мектепке Алаш қайраткерлерінің аты берілді. Қонақтардың арасында сол мектептердің директорлары мен мұғалімдері де болды.

Qyr balasy қоғамдық қо-

рының президенті Жанболат Абайхан мен құрылтайшысы Ертай Біләл жаңа кітаптарды таныстырып, краудфандингке үлес қосқан азаматтарға кітап табыстады. «Ә.Бөкейхан. Алаш» ҒЗИ директоры Ұшқын Сәйдірахан «Алаш мұрасын оқыту – ұлттық тәрбие өзегі» тақырыбында баяндама жасады.

Іс-шара барысында Ербол Тілешов пен Роза Бақтығалиқызына «Алаш зиялысы» медалі, Шолпан Тілепина, Камлет Баяхметұлы және Мұрат Ескендірұлына «Барлыбек Сыртанұлы» медалі табысталды. Қала мектептерінің белсенді, үздік 20 оқушыға «Алаш стипендиясы» тапсырылды.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия оқушылары Міржақып Дулатұлы туралы «Азаматы Алаштың» атты қойылым қойды. 11 «ә» сынып оқушысы Саяжан Азаматқызы қазақ тілінің мәселесі көтерілген «Қазақ тілінің мұңы» мақаласын, бастауыш сынып оқушылары Алаш арыстары туралы өлеңдер оқыды. Интеллектуалды сұрақтар қойылып, жеңімпаздарға кітаптар сыйға тартылды. Жас суретші, қор мүшесі Назерке Болатқызының сурет көрмесі және қор кітаптарының көрмесі қойылды.

Келесі жылы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толады. Іс-шара барысында оған қазірден бастап дайындалу, тиісті алғышарттарды жасау, мерейтойды лайықты деңгейде атап өту мәселелері айтылды.

ӘБДІЖӘМІЛ ӘЛЕМІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай «Әбдіжәміл Нұрпейісов: өмір сыры мен шығармашылығы» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.



ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВ:

өмір сыры мен шығармашылығы

Жиынды жүргізген белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуаныш Жиенбай көрнекті қаламгердің ғасырлық мерейтойы жыл басынан бері республика көлемінде аталып келе жатқанын атап өтті. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің білдірген белгілі тұлғаларға тоқталды.

«Жалпы Нұрпейісов – қазақ әдебиетінде Әуезовтің жолын жалғаған бірден-бір жазушы. Қазақ қаламгерлерінен үш-ақ адам ғана Кеңес одағының Мемлекеттік сыйлығын алған. Бұл – Мұхтар Әуезов, Жұбан Молдағалиев және Әбдіжәміл Нұрпейісов» деген Қуаныш Жиенбай жазушының «Қурляндия», «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдары туралы айта келе, ол шығармашылығына асқан жауапкершілікпен қарағанын, өмірге құштар болғанын жеткізді. Жазушымен кездескен, тілдескен шақтарды еске алды.

Қаламгердің қызы Шұға Нұрпейісованың әкесі туралы толғанысы тыңдалды. Әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы бала кезінде оқыған жазушының «Қан мен тер» романынан алған әсері жайлы әңгімелеп, шығармашылығын талдады.

«Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бір үлкен ерекшелігі – суреткерлігі. Жалпы Әбең көп жазған жоқ,

өзін соншалықты көрсетуге тырыспады. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Соның ең біріншісі – шығармашылыққа деген адалдық. Жазушы өзінің шығармаларына ғана емес, басқа адамдардың да туындыларына асқан жауапкершілікпен қарады. Фальш көріп қалса, түзеп, күзеп отыратын. Әбең жаңа әдебиеттің тыныс-тіршілігін сезе білді. Қазір әдебиет неге тоқырап жатыр? Сөзбебі әдебиетті бір оқиғаны баяндап беру, сөз қуу деп түсінеміз. Олай емес, әдебиет деген – психология, деталь, адам жанының қалтарыс-бұттарыстарын психологиялық шеберлікпен жеткізу. Әбдіжәміл Нұрпейісов осыған және өзінің шығармаларының басқа тілдерге аударылуына қатты мән беретін. Соның арқасында егер қазақ әдебиетінде шын мағынасында орыс тіліне сөлін, бояуын жоғалтпай аударылған бір шығарма бар десек, бұл менің ойымша, «Қан мен тер» романы. Оның орысшасы мен қазақшасын салыстырып оқып шықтым. Ал «Соңғы парыз» тек экологияға арналған шығарма емес, оның астарында көп нәрсе жатыр» деді Амангелді Кеңшілікұлы.

Іс-шарада филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Бибітөліқызы, жазушылар Ораз Қауғабай мен Толымбек Әбдірайым, белгілі ақын, «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы естеліктер айтты.

ҰСТАЗ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ШӘКІРТ

Кеше Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының 60 жас мерейтойына орай «Алаш көсемі және ұлт тілі», «Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі», «Aлаш ve Terminoloji», «Тілтанушы», «Абай тілі: көне сөздер мен сирек қолданыстар» кітаптарының таныстырылымы өтті.



Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, БАҚ өкілдері, оқырмандар қатысқан іс-шарада Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хатын жеткізді.

Осыдан соң жиынға қаты-

сушылар Шерубай еңбектерінің әр қырынан сөз қозғады.

– Шерубай Құрманбайұлы – биыл туғанына 100 жыл толған атақты ғалым Әбдуәлі Қайдар тәрбиелеген 17 ғылым докторының бірі. Шерубай сол ұстазының ізмен келе жатыр, ұстаз-шәкірт сабақтастығы деген осы. Тек ғылыммен ғана айналыспай, мемлекеттік қызметте де көп жұмыстар атқарған Шерубай қай қызметте жүрсе де өз қабілет-қарымын көрсете

билді. Бүгін тұсауы кесілген кітаптардың барлығы да біздің Лингвистика немесе тіл ғылымына ғана қосқан үлесі емес, ол қазақ өркениетіне, мәдениетіне қосқан үлкен үлес деп есептеуіміз керек. Сөздік жасау оңай жұмыс емес, ол үлкен жауапкершілік пен мол білімді қажет етеді. Абай сөздігін немесе Мұқағали сөздігін жасау үшін олардың бүкіл шығармаларын оқып, сүзіп шығу керек болады. Осы тұрғыдан алғанда, бір

емес бірнеше сөздік жасаған Шерубайдың еңбегі ерен. 10 жылдың ішінде 7 монография, 5 сөздік, 1 мақалалар жинағын, 2 әдістемелік құрал, 153 ғылыми мақала жазған Шерубай Әбдуәлі ағамыздың үмігін ақтаған шәкірт, – деді мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының доктор, профессор Әділ Ахметов.

Шерубай Құрманбайұлы 1991 жылдан бері тіл білімі саласында қажырлы еңбек етіп келеді. Ол өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап тіліміздегі жаңа атауларды жинақтап, оларды жүйелеп, соңғы 30 жыл ішінде жасалған жаңа терминдер мен қолданыстағы атаулардың сөздігін жарып, терминологияның дамуына үлкен үлес қосты. Алаш мұраларына үңіліп, Әлихан Бөкейханұлының тілдік мұрасын зерттеп, «Алаш көсемі және ұлт тілі» деген монография жазды. Шәкірті М.Әділовпен бірлесіп жүргізген зерттеу негізінде «Абай тіліндегі көне атаулар мен сирек қолданыстар» монографиясын оқырманына ұсынды. «Алаш терминологиясы» еңбегі түрік тіліне аударылып, Анкарада басып шықты.



Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №142

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ